Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасында 1956 жылы басылған «Абай» мен «Абай жолы» романдарын 1981 жылы «Шыңжаң халық баспасы» төте жазумен басып шығарды, кейін бірнеше рет қайта басылып, қалың оқырмандардың сұранысын қамдады. 1994 жылы Мұхтар Әуезовтің «Абайтану мәселелері» атты зерттеу еңбегі «Шыңжаң халық баспасынан» Әбділдабек Ақыштайұлының құрастыруымен жарық көрді. Кітаптың соңына құрастырушының «Мұхтар және абайтану» атты көлемді мақаласы қоса берілді. Бұл еңбектер оқырмандардың классиктердің шығармаларын терең түсініп, эстетикалық нәр алуға мұрындық болғаны сөзсіз.

2004 жылы қазақтың заңғар жазушысы, академик Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» 4 томдық эпосы романы, Қабай мен Гау Шунфанның қытай тіліне аударған нұсқасы «Ұлттар баспасынан» жарық көрді. Бұл да Қытай мен Қазақстан арасындағы мәдени басылымдар алмасу тарихындағы маңызды оқиға болды. Содан кейін Мұхтар Әуезов пен

оның шығармашылығы туралы қытай авторларының мақалалары әр түрлі газет - журналдарда жарияланып жатты.

Белгілі тарихшы ғалым, профессор, қоғам қайраткері Ерлан Сыдықов қазақтың ұлы философ ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлын зерттеп жазған «Шәкәрім» (орыс және қазақ тілінде) 2013 жылы Алматыда «ИП Волкова Е.В.» баспасынан шыққан қомақты еңбек еді, Бұл еңбекті Қытайдың Сиань Шет тілдер университетінің лингвист ғалымы Ли Сичань қытай тіліне аударып баспадан шығарды. Аудармашы қазақ халқының өмірі мен тұрмыс-тіршілігімен біршама жақсы таныс, бір мезгіл Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дегі Конфуций институтында жұмыс істеген орыс тілі маманы. Ол «Қазақ пен Қытай халықтарының екі ойшылының (Конфуций мен Шәкәрім) шығармаларынан өмірге деген көзқарас, Отанға деген патриотизмді байқауға болады. Сондықтан Конфуций философиясын құрметтейтін оқырмандар Шәкәрім туралы жазылған бұл шығарманы да жоғары бағалайды» деп санайды. Аталмыш кітаптың қытай тіліне аудармасының тұсаукесер рәсімі 2018 жылдың 2 сәуірінде Сиань Шет тілдер университетінде (SUIE) өтті. Бұл кітаптың қытай тіліне жарық көруі - екі ел мәдени байланыстарының дамуын ілгерлетіп, қалық қытай оқырмандарының қазақтың философиялық поэзиясын түсінуге негіз қалады. Сондай-ақ екі ел халықтарының рухани өміріндегі құнды аударма болатыны сөзсіз (Smaliou, 2002: 574 p).

Қытай классикалық шығармаларының қазақ тіліне аударылуы. Қытай мәдениеті мен әдебиетінің тарихы ұзақ, мазмұны өте бай. Солардың ішінде әлем мойындаған классикалық шығармалары жетерлік. Солардың ішінен інжу-маржандарын сұрыптап алып қазақ тіліне аударып жүргендердің бірі және бірегейі қытайтанушы ғалым Дүкен Мәсімханұлы. Ол қытайдың ерте заманнан қазірге дейінгі әлемге кең танылған ақын-жазушыларының шығармаларын талдап аударумен айналысып келеді. Дүкен Мәсімханұлы қазірге дейін, Ли Бай, Лу Синь, Ба Цзинь, Лау Шэ, Ай Цин, Юй Гуанчжун, Ван Мэн, Мо Янь, Те Нин, Чжан Цинчжи, Гу Цин, Чэн Дундун, Чжао Лихуа, Дин Дан т.б. шығармаларын қазақ тіліне аударып мерзімді басылымдарда жариялады және жеке кітап етіп шығарды. Соның ішінде Ба Цзиньнің «Әулет», Мао Дуннің «Түн», Шэнь Цунвэннің «Шалғайдағы Шаһар», Лао Шэнің «Түйе Сиянцзэ» шығармалары бар. Бұл шығармалардың қазақ тілінде шығуы - екі ел халықтарының жоғары деңгейді өзара түсіністікке жетелейтіні заңды.

ҚХР-дың Қазақстандағы Төтенше және өкілетті Елшісі Чжан Ханьхуэй, екі жақты мәдени байланыстарды нығайтуда қазақ тілінде ұсынылған басылымның ерекше рөлін атап өткен (Xi Jinping, 2015). Ал ҚХР-дың Алматы қаласындағы Бас консулы Чжан Вэй: Қытай авторларының шығармалары дүниежүзінің 190-нан астам елдің тілдеріне тәржімаланады. Әлем елдері аудармашыларын ынталандыру мақсатында, Қытай үкіметі классикалық «Қытай авторы» халықаралық баспа жобасы бойынша көп жылдар бойы қытай тіліне 5000-нан астам кітапты аударып басып шығару жұмысын қаржыландырып келген «Жібек жолы әдебиеті» баспасы құрылды» (Smaliou, 2002: 573p), - деп мәлімдеген-ді. Бұл деректен алдағы жылдар аударма басылымдардың көбейетінін аңғаруға болады.

Саяси басылымдар. Қазақстан мен Қытай үкіметтері екі мемлекет басшыларының еңбектерін қытай, қазақ және орыс тілдеріне аударып баспадан шығарып, елге таратып келеді. Нұрсұлтан Назарбаевтың, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың еңбектері қытай тіліне аударылса, Дэн Сяопин мен Си Цзиньпиннің бірқатар саяси еңбектері де қазақ және орыс тілдеріне тәржімаланып, қытай-қазақ оқырмандарына таратылды.

2004 жылғы 18 мамырда Қазақстанның Қытайдағы Елшілігінде Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік кеңесінің мүшесі Тан Цзясюань Н. Назарбаевтың қазақ және қытай тілдерінде шыққан «Сындарлы он жыл» атты кітабына оң баға берді.

Нұрсұлтан Назарбаевтың бірнеше кітабын қытай тіліне аударды. 2016 жылы оның «Сотворение Казахстана» атты еңбегі Қазақстан Республикасының Қытайдағы Елшілігінің қолдауымен және «Синьсин» корпорациясының қаржылық көмегімен «Чжэньминь» мемлекеттік баспасында қытай тілінде жарияланды. Қытай тіліне аударманы Бейжин университетінің профессоры Е Юньлун бастаған бір топ аудармашылар жүзеге асырды.

2017 жылы «Назарбаев антологиясы: Қазақстан халқының ойлары мен даналығы» атты жинағы, Президент Әкімшілігінің қолдауымен Қытай Қоғамдық ғылымдар академиясы қытай тіліне аударды. Кітапқа жыл сайынғы Жолдаулары, мақалалары мен сөйлеген сөздері енген. Қытайдың Қоғамдық ғылымдар академиясының президенті Ван Вейгуань бұл кітапты маңызды еңбек деп бағалады.

1997 жылғы 29 шілдеде Н. Назарабаевтың «Ғасыр тоғысында» атты кітабы қытай тілінде басылып шықты. Содан кейінгі жылдары оның «Әділеттің ақ жолы», «XXI ғасыр алдында», «Бейбітшілік кіндігі» және «Тарих толқынында» атты еңбектері де қытай тіліне аударылып шықты.

2004 жылдың 22 маусымында, кезінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі, қазіргі Президентіміз Қ.Тоқаевтың «Беласу» кітабы қытай тілінде жарық көрді. Соған орай автор «Чжэньминь жибао» газетінің журналистеріне берген сұхбатында: «Бұл кітаптың қытай тілінде шығуы Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастардың дамуына және нығаюына септігін тигізеді деп сенемін. Себебі бұл кітаптың кейбір парақтары Қытайға арналған...Қытай-Қазақстанның жақын серіктестерінің бірі, көрші мемлекет, сондықтан біз сіздің еліңізбен ынтымақтастық қатынастарды дамытуға үлкен мән береміз», - деді. Қ.К. Тоқаев экономикалық өсімді, қолайлы инвестициялық ортаны және тұрақты әлеуметтік жағдайды ескере отырып, Қытай мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықтың маңызды стратегиялық мәні бар екенін атап айтты. Кітабында Қазақстан тәуелсіз сыртқы саясатының қалыптасуы мен дамуына терең әрі қызықты талдаулар жасалған. Кітапта автордың өзекті халықаралық проблемаларды шешу жолдарын, халықаралық терроризм сияқты күрделі тақырыптарға да қалам тартады. Сондай-ақ автор өзінің өмірбаяндық эпизодтары мен жеке бақылауларын да қамтып жазған.

2017 жылғы 5 маусымда, Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің Астанаға сапары қарсаңында, Елбасы кітапханасының Талдау орталығы, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Қоры жанындағы Әлемдік экономика және саясат институты және қытайтану орталығы бірлесіп, Си Цзиньпиннің «Ел басқару туралы» кітабының қазақ тіліне аудармасының тұсаукесер таныстырылымын салтанатты түрде өткізді. Қазақстанда «Қытай реформаторы Дэн Сяопин» атты еңбектің қазақ тіліндегі аудармасы баспадан шықты.

Қазақстан мен Қытай басшыларының еңбектерінің қазақ, орыс және қытай тілдеріне аударып баспадан шығуы – екі мемлекеттің ұстанған ішкі және сыртқы саясатын түсінудің құжаттық негізі болып табылады. Сондай-ақ екі ел халықтарының өзара түсінуі мен ынтымақтастық байланыстарын дамытатудың саясаттық негізі болып табылады.

Поэзия аудармасы. Қазақ поэзия әлемнің алдыңғы қатарынан орын алады. Соңғы жылдары көрнекті қазақ ақындарының туындылары қытай тіліне аударылып келеді. Қытайдағы көрнекті жазушы, аудармашы Қайша Тәбэрәқызы аударған ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың «Қаздар қайтып барады» («远飞的大雁») атты өлеңдер жинағы, 2011 жылы «Шыңжаң жастар өрендер» баспасында жарық көрді. Оны оқыған қытайлық әдебиет сыншылары: «Мұқағалидай лирик ақыны бар қазақ – ұлы халық», - деген екен. Міне, бұл көркем шығармалардың танымдық құдыреті болса керек. Қытайлық оқырмандардың қазақ поэзиясына қызығуына орай, өткен жылы және де Қайша

Тәбәрәкқызының аудармасымен Ұлықбек Есдәулет бастаған оншақты қазақ ақындарының өлеңдері жинақ болып қытайда баспадан шықты. Қытай оқырмандарды бұл жинақты да жылы қабылдап отыр.

Қытай тілінен аударылған танымдық басылымдар. 2015 жылы бері отандық баспалар қытай тіліндегі танымдық, білімдік маңызы бар әмбебап еңбектерді қазақ тіліне аударып шығарып келеді. Бұл сынды еңбектерді белгілі қытай тілінің маманы Ардақ Қалиоллақызының тәржімалап, «Қазақ энциклопедиясы» баспасы мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Қазақ университеті баспа үйі» шығарып келеді. Нақтылап айтқанда, Жу Юңсин жазған «Ұстаздарға» атты кітабы 2020 жылы жарық көрді. Бұл еңбекте жаңа білім беру тәсілдерінің артықшылықтары, ұстаз бақытының неде екендігі пайымдалған. Автор жұмыс пен отбасы жүгін тең көтеретін қуатты сақтау үшін, уақытты қалай дұрыс пайдалануға болатынын баяндайды. Ұстаздарды оқушылармен бірге үнемі ізденісте болуға, үздіксіз оқып, еркін дамудың, жаңа білім беру арқылы біліктілікті арттырудың жолдарын көрсетеді. Бұл еңбек ұстаздардың білім беру тәжірибесінде кездескен түрлі қиындықтарға қатысты қойған сұрақтарға жауап берген. Аталмыш еңбек тек ұстаздарға ғана емес, көпшілік қауымға да берер тәлімі мол, қарапайым жатық тілмен жазылған танымдық еңбек болып табылады. Автор еңбегін «Көбірек кітап оқу бізді саналы, парасатты әрі білімді тұлғаға айналдырады. Ұлттың рухани өсуі сол халықтың кітап оқу деңгейіне байланысты» деген қорытындысымен түйіндейді.

Ардақтың аударуымен 2021 жылы «Қазақ университеті баспа үйінен» шыққан Қытайдың данагөй ойшылы, қытай педагогика ғылымына өзіндік із қалдырған Ян Жытұйдың «Ян әулетінің отбасылық тағылымы» атты кітап, Қытайда ең көп оқылған кітаптардың бірі. Аталмыш шығармада отбасылық қарым-қатынас, өзара сыйластықты әнгімге арқау етіліп, философиялық, педагогикалық тағылымы мол ойлар айтылады.

Пэн Линнің «Қытайдың салт-дәстүрі мен музыка мәдениеті» атты еңбегі де 2020 жылы аталған баспа үйінен шықты. Бұл еңбекте автор қытай халқының көнеден қалыптасқан салт дәстүрін, музыка мәдениетін, мәдениеттердің шығу тәркінін, олардың адамзат баласына тигізген ықпалы, адамдар арасындағы қарым-қатынас, сыртқы және ішкі үйлесімділік, отбасылық құндылықтардың маңызын сипаттайды. Аталмыш еңбектен қытай халқының тұрмыстық салт-санасы мен музыкасының философиялық астарын аңғаруға болады.

2020 жылы баспадан шыққан «Жу Юңсиннің білім беру туралы даналық сөздері» атты еңбете, ғалымның білім жүйесін нарықтық экономикаға негізделген инновация және ақпараттық қоғам құруға жауап беретін кадрлар дайындау жөнінде айтқан даналық сөздері пайымдалып, білім беру жөніндегі ойлары мен пікірлері топтастырылған. Бұл еңбектердің танымдық және практикалық маңызы жоғары.

Қазақша-қытайша анықтамалық еңбектер. Әр түрлі тіл-жазудағы мәдениеттердің өзара алмасуына көпір болатын құрал, ол – сөздік. Қазақтар мен қытайлар бір-бірінің тілін үйренуге, басылымдарын аударуға көп қолданылатын құрал анықтамалық сөздіктер екені белгілі. Қазірге дейін Қытайда және Қазақстанда жарық көрген сөздіктердің екі ел арасындағы мәдениет алмасудағы маңызын айырықша.

Қытайдағы белгілі баспагер ғалым С.Найманның бас редакторлығымен және қатысуымен ұжымдық авторлар құрастырылған «Қазақша-қытайша сөздік» («哈汉辞典») 1979 жылы «Шыңжаң халық баспасынан» шықты. Кейін бұл сөздік С. Найманның жетекшілігімен толықтырылған нұсқасы 2006 жылы және 2012 жылы сол баспада қайта басылды. Соңғы нұсқасына 5 мың 200 ден астам жеке әріп (иероглиф), 120 мыңнан астам сөз, сөз тіркестері және тұрақты тіркестер (идиом) енгізілген.

Белгілі филолог ғалым Нұрбек Әбікенұлының бас редакторлығымен және қатысуымен (Суй Чэндэ, Ли Цзэчэн, Дәуен Тырнақан, Хань Юйншунь, Шэ Гуанхуа

құрастырған) [«Қазақша-қытайша сөздік» \(«哈汉辞典»\)](#) 1989 жылы Бейжин «Ұлттар баспасынан» басылып шықты. Бұл қазақша-ханзуша (қытайша) салыстырмалы сөздікке қазіргі заман қазақ тілінен 40 мыңнан астам сөз қамтылған. Бұл сөздіктің Ж. Ошан, М. Шақанқызының криллицаға түсірген нұсқасы Алматыда 2010 жылы «Қайнар Университеті» баспасынан шықты (Sultanov K, 2000, 212 p). 2020 жылы аталмыш сөздікті «Алматы Орхон» баспасы екі том етіп басып шығарды.

2017 жылы белгілі филолог қытайтанушы ғалымдар Дүкен Мәсімханұлы мен Айнұр Әбиденқызы құрастырған «Қытайша-қазақша үлкен сөздік» («汉哈大辞典») Алматыда «ҚАЗАқпарат» баспасынан жарық көрді. Бұл сөздікте қазіргі қытай тіліндегі қолданыста бар 70 мыңға таяу сөздер мен сөз тіркестері қамтылған. Елімізде осындай қытайша-қазақша және қытайша-қазақша үлкен сөздіктердің баспадан шығып, қолданысқа енуі, екі ел халықтарының бір-бірінің тілдерін үйрену мен аударма істерінің дамуына белсенді рөл атқарып отырғаны жоққа шығаруға келмейтін факті.

Қорытынды және тұжырымдама

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы дипломатиялық қатынас орнатқан бері, екі ел арасындағы мәдениет саласындағы байланыстар мен ынтымақтастықтар да үрдіс дамып келеді. Әсіресе гуманитарлық салада басылымдар алмасу байланысы қалыптасып, дамып келеді.

Қазақстан мен Қытай арасында өзара алмасып отырған басылымдарды жіктеп қарайтын болсақ, негізінен тарихи ғылыми танымдық еңбектер, тарихи жазба деректер, классикалық көркем шығармалар, философиялық және танымдық еңбектер, педагогикалық практикалық маңызы бар кітаптар. Бұл сынды басылымдардың өзара алмасуы – екі ел халықтарының рухани түсіністікке жетелейтін құнды еңбектер екені ешкімге күмән тудырмайды.

Екі ел халықтарының бір-біріне болған танымдары тәуелсіздіктің алғашқы жылдарына қарағанда, біршама объективтілікке қарай жақындап келеді. Өйткені екі ел арасындағы тығыз ынтымақтастық байланыстар мен тығыз араласулар және басылымдар алмасу – олардың өзара танымдарын тереңдете түсті, рухани жақтан жақындастырды деуге болады. Әрине, адамдар танымы олардың мәдени, білім деңгейіне байланысты болады. Таным қоғамдық болмыстың айнасы, қоғамдық практика адамдарға көзқарас қалыптастырады, тәрбиелейді. Сондықтан адамдардың белгілі бір нәрсеге әр түрлі танымда болуы қалыпты жағдай.

Әрине, Қытай әлемдегі алып мемлекет болғандықтан олардың Қазақстанға ықпалы жан-жақтылы әрі басым деуге болады. Оның үстіне Қытайдың өздерін сыртқы ықпалдардан сақтайтын саясаты мықты жүреді. Қытайдың бөтен мәдениетті қабылдаудағы талғампаздығы – еліміге үлгі боларлық. Еліміз де қазақ халқының мәдени құндылықтары мен дүниетанымы негізінде жат мәдениеттерді сұрыптап қабылдау керек, яғни қауырсынын тастап, дәнін алу принципі бойынша ұлттық мәдениетімізді байытып отыруға тиіспіз.

Қазақстан мен Қытай арасындағы басылымдар алмасу жақсы жолға қойылған, мемлекеттік деңгейде жүзеге асып келеді. Сондықтан екі ел арасындағы басылымдар алмасу ісі, болашақта тіпті де дами түседі санаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

1. Әліпбаев Б. Абай институтының хабаршысы. №6 (6). 2010 2. 78 б.
2. Тарақов Ә.С. Аударма әлемі: оқу құралы. – Өңд., толықт. 2-бас. - Алматы: Қазақ университеті, 2011, 332 б.
3. Лаумулин М. Казахстан в современных международных отношениях: безопасность, геополитика, политология // М. Лаумулин. – Алматы, 2000. 132-168 с.

4. Смалиов А.А. Казахстан сегодня. Информационно-аналитический сборник // под ред. А.А. Смалиова. – Алматы: Интеллсервис, 2002. – 570-574 с.
5. Сыроежкин К. Казахи в КНР / К.Сыроежкин - Алматы, 2004. 212 с.
6. Турсунбаев Т.А. Международные связи республики Казахстан (1990-2000). – М.: Экон-информ, 2002. 230 с.
7. Си Цзиньпин. Towards a community of common destiny and a new future for Asia. – Воао, 28 March 2015.
8. Султанов К. Состояние и перспективы казахстанско-китайских отношений // Policy. 1998. № 6. 97 с.
9. Бабак В. Астана в треугольнике «Москва-Вашингтон-Пекин». Казахстанско-Китайские отношения // Центральная Азия и Кавказ. 2000. № 1(7). С. 168-177.
10. Чжоу Ли. В Республике Казахстан все чаще говорят по-китайски. Статья посла КНР в Казахстане для газеты Жэньминь жибао [Электронный ресурс]. Режим доступа: http://comment-respublika.info/comment/show_topic/22695/ (дата обращения: 02.09.2023)
11. Мұқаметханұлы Н. Ізденіс: тарих пен замана. Алматы: Мерей, 214, 261 б.

Батырхан Б., Чокатова А.

ИРАНДЫҚ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ ӘДЕБИ ЭПОСТАРДЫҢ РӨЛІ

Аннотация. Бұл мақалада сипаттау-аналитикалық көзқараспен Иранның әдеби эпостарының, соның ішінде «Шахнаманың» ұлттық болмысты нығайту мен жаңғыртудағы рөлі мен орны зерттеліп, талданды. Сонымен қатар, ирандық болмыстың құрамдас бөліктерін қарастыра отырып, «Шахнаманың» осы элементтерді енгізу мен жаңғыртудағы рөлі түсіндірілді.

Тарих бойында римдіктердің, арабтардың және түркі тілдестердің шапқыншылығымен ирандықтардың ұлттық болмысы бұзылмады, керісінше сақталды, нығайды. Тіпті тарихтың кейбір кезеңдерінде Иранға басып кірген тайпалардың өз болмыстары әлсіреп, ирандық қоғамға сіңісіп те кетті[1].

Тарих бойында бүкіл ел шетелдіктердің қолына түскеніне қарамастан, иран халқы өзінің болмысын ешқашан ұмытқан емес және ең қиын кезеңдерінде, бәрі жойылды деп ойлаған кезде, ұлттық болмыстың көрінетін және көрінбейтін байланыстары оларды бір-бірімен жалғап, феникс сияқты күлден қайта көтеріле білді.

Түйін сөздер: Шахнаме, Иран, ұлттық болмыс, әдебиет.

Батырхан Б., Чокатова А.

РОЛЬ ЛИТЕРАТУРНОГО ЭПОСА В ВОЗРОЖДЕНИИ ИРАНСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ

Аннотация. В данной статье с описательно-аналитической точки зрения изучены и проанализированы роль и место иранских литературных эпосов, в том числе «Шахнаме», в укреплении и модернизации национальной идентичности. Кроме того, рассматривая компоненты иранской идентичности, объясняется роль «Шахнаме» во внедрении и модернизации этих элементов.

На протяжении всей истории национальная идентичность иранцев не уничтожалась нашествиями римлян, арабов и тюркоязычных племен, а наоборот, сохранялась и укреплялась. Даже племена, вторгшиеся в Иран в некоторые периоды истории, ослабили свою идентичность и ассимилировались в иранское общество[1].

Несмотря на то, что на протяжении всей истории вся страна попадала в руки иностранцев, иранский народ никогда не забывал свою самобытность и в самые трудные времена, когда казалось, что все потеряно, видимые и невидимые узы национальной идентичности связывали их вместе и управляли восстать из пепла, как феникс.

Ключевые слова: Шахнаме, Иран, национальная идентичность, литература.

Batyrkhan B., Chokatova A.

THE ROLE OF LITERARY EPICS IN THE REVIVAL OF IRANIAN NATIONAL IDENTITY

Abstract. In this article, from a descriptive and analytical point of view, the role and place of Iranian literary epics, including the Shahnameh, in strengthening and modernizing national identity are studied and analyzed. In addition, considering the components of the Iranian

identity, the role of the Shahnameh in the introduction and modernization of these elements was explained.

Throughout history, the national identity of the Iranians was not destroyed by the invasions of the Romans, Arabs and Turkic-speaking countries, but on the contrary, it was preserved and strengthened. Even the tribes that invaded Iran in some periods of history weakened their identity and assimilated into Iranian society[1].

Despite the fact that throughout history the entire country fell into the hands of foreigners, the Iranian people never forgot their identity and in the most difficult times, when it seemed that everything was lost, visible and invisible bonds of national identity tied them together and managed to rise from the ashes like a phoenix.

Key words: *Shahname, Iran, national identity, literature.*

Кіріспе

«Шахнама» – иран халқының ортақ мұрасының өте бай көзі, онда мифтер мен эпостар әлемінен соңғы Сасанид императорларының билігіне дейінгі ирандық болмыстың сабақтастығын айқын көруге болады. Мифтер мен эпостар әлемінен Сасанид патшаларының билігінің соңғы жылдарына дейінгі ирандық болмыстың және оның халықтарының сабақтастығын байқауға және ирандықтардың ұжымдық өзін-өзі тануды байқауға болатын құнды дереккөзді жазу барысында Фердоуси Иранның мәдениеті мен өркениетін жандандыруды көздеді [1].

Фердоуси ұлттық болмыстың бір тірегі болып табылатын парсы тілінің қайта жаңғыруында ауқымды рөл атқарғаны даусыз. «Шахнама» мазмұнында иран халқының ұлттық болмысын өз аясында сақтап қалған сипаттар бар. Ирандық болмыстың тамыры ата-бабаларының мыңдаған жылдар бұрын қалыптастырып, мәңгілікке қалдырған мифтерге негізделген және Пехлеви патшалары мен КейХосро, Гершасб, Араш және Ростам сияқты идеалды ирандық батырлар туралы эпикалық хикаялар иран халқының тарихында күшті интеллектуалдық және рухани тірек болды, әрі ұлттық ынтымақты нығайтты.

Негізгі бөлім

«Шахнаманың» хикаялық оқиғалары ирандықтардың ұжымдық психологиясын ашудың кілті болып табылады. Сонымен қатар, бұл эпос иран халқының болмысын ашып, олардың басқалармен және өздерімен қарым-қатынасында қалай ойлап, әрекет еткенін көрсетеді. Француз зерттеушісі Анри Массе жазғандай: «Шахнама» ұсынатын ата-баба әңгімелері мен көне әдет-ғұрыптар қазынасына терең үңілген оқырман ешбір ұлттық эпостың өз тектерінің кемеңгерлігін мұндай дәлдікпен көрсете алмағанын түсінеді». Аталмыш шығармаға сүйенсек, Иран жерінде тіршілік пайда болып, Ирадж патшалығының негізі құрылғаннан бастап, шығысындағы Тұран мен Қытай, батысындағы Грекия мен Римнен ажыратып тұратын өзіндік болмыс пайда болды деп сипаттайды. Осы кезден бастап Ирадж патшалығымен ирандық бірегейлік Шығыс пен Батыстың ұлттық болмысына қарсы негізделді.

«Шахнама» ирандық болмыстың құрылымдарын жасау мен дамытудағы жоғары орны иран халқының ұжымдық рухының тереңдігін анықтауға лайықты негіз бола алды. Сол себепті, бұл маңызды еңбек неғұрлым тереңірек зерттелсе, соғұрлым ол иран халқының дүниетанымының ішкі табиғатын түсінуге мүмкіндік беріп, түсінуге көмектеседі. Басқаша айтқанда, тарих пен болмыс жолындағы ирандық жеке тұлғаның қалаулары мен мұраттарын көрсетуде «Шахнама» сияқты ешбір жазбаша жұмыс дәлелдей алмаса керек [1].

Кез келген елде ұлттық бірегейлік ұжымдық бірегейліктің ең жоғары деңгейі болғандықтан, оны мойындау үшін жан-жақты және сенімді тарихи құжаттар қажет.

Мифологиялық атмосферасы бар «Шахнама» ең алдымен, мифтік аңызға айналған және тек ойдан шығарылған оқиғалармен теңестіру дұрыс емес екенін айта кеткен жөн. Ежелгі дәуірде адамдар өмірдің негізгі ұғымдарына қатысты іргелі сұрақтарға тап болды. Олар онтология мен жаратылу механизмін іздеді, ал мифтің қалыптасуы осы мәселелерге жауап беру болды. Осы сұрақтарға табылған жауаптар жиынтығы бүгінгі біз миф деп атайтын дүниетанымның түрін қалыптастырды. Демек, миф өтірік пен қиялды білдірмейді, наным-сенімдердің жиынтығын баяндау түрі және бүгінгі мәдениет деп отырғанымыз ежелгі дүниедегі миф пен дінмен тең болды. Осылайша, «Шахнаманың» мифологиялық хикаяларына тереңірек үңілсек, бұл әңгімелердің әрқайсысы ирандық ұлттық және көне мәдениеттің, салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың бір бөлігін бейнелейтінін аңғарамыз. Бұл ғұрыптардың кейбірінің шынайылығы мен ұзақ ғұмырлығы соншалық, кейде археология ғылымы үнсіз қалуға мәжбүр және дәл осы жерде миф сөйлеп, ирандықтардың ұлттық болмысының шынайылығын растау мөрін басады [2].

«Шахнаманың» тарихи бөлігінде кездесетін кейіпкерлердің сыртқы әлемде объективті және нақты үлгісі болмаса да, бұл кейіпкерлердің әрқайсысы ежелгі дәуірдегі ирандықтардың нышаны мен болмысы болып табылады және олардың тарихтағы дұрыс немесе бұрыс іс-әрекеттері мен мінез-құлқын білдіреді. Айта кету керек, Шахнамадағы кейіпкерлердің ешқайсысы мінсіз емес. Фердоуси «Шахнама» батырларының өнері мен еңбегі арқылы ирандықтардың ұлттық мақтаныш сезімін оятумен қатар, олардың қателіктерін де айыптайды және бұл Фердоусидің ұлттық болмыстың шынайы бейнесін көрсетуге тырысқанының дәлелі [2].

Кез келген қоғамның ұлттық болмысының тағы бір маңызды элементі – оның біртұтас тілі. Егер ортақ тіл болмаса, бір елдің түрлі этностары бір-бірімен тіл табыса алмай, әр этностың қарым-қатынас шеңбері бір тілде сөйлейтін адамдармен шектеліп қалар еді. Фердоуси «Шахнаманы» Ғазнауи түріктері билік құрып, араб тілі сарай кітаптары мен диуандар жазудың ресми тілі болған кезде жазып шықты. Парсы тілінен бас тартқан осындай жағдайда «Шахнама» өзінің төл және эпикалық тілімен Иранның ұлттық тілінің ұмытылуына жол бермеді. «Шахнаманың» мың жыл бойына сақталуы бұл еңбектің ирандықтардың рухы және идеалдарымен үйлесімді екенін көрсетеді [2].

Мысыр елі әртүрлі көне мифтер мен мәдениет ошағы болуына қарамастан, өзінің төл тілін сақтай алмады. Мысырдың атақты журналисі, әрі жазушысы Мұхаммед Хоссейн Хайкалдан керемет мәдениетке ие мысырлықтар сендерге не болды деп сұрағанда: «Бізде Фердоусидей адам болмағандықтан арабша сөйлейтін болдық»-деп жауап берген.

Кейінгі дәуір ақындары «Шахнаманың» хикаялары мен қаһармандарының тұспалдарын өз өлеңдерінде келтірген немесе оның эпикалық стилінде өлең жазуға тырысқан. Сондай-ақ, ақын-жазушылардан бөлек, көпшілікке арналған орындарда «Шахнама» ауызша айтылып, «Шахнаманы» жатқа айту дәстүрі пайда болды. Осының барлығы осы жазба еңбектің Иран қоғамының барлық қабаттары арасына терең еніп, тарағанының белгісі. Сонымен қатар, «Шахнама» кітабы әр ирандықтың жастығының астынан табылатын болған [2].

Сасанидтер билігі әлсіреп, Омеядтар билікке келуімен, ирандық бірегейлік болмысы дағдарысқа ұшырады. Парсы тілі араб сөздерімен шұбарланып, парсы тілінің ықпалы әлсіреді. Ирандық болмыстың дағдарысы дәуірі мұнымен шектелмеді. Ғазнауилер деп аталатын жаңа күш Иранның шығысынан ислам аумағына баяу еніп келді. Бірте-бірте түріктер орнығып, Иран мәдениеті тағы да қиыншылыққа ұшырады. Ғазнауилер өздерін ирандық етіп көрсетуге, парсы тілін ресми тілге айналдыруға және өздерін сасанилерге жатқызып, ұрпақ құруға тырысқанымен, жасырын түрде түрік мәдениетінің билік етуін қалады. Осы тұста Фердоуси пайда болады. Фердоуси пайда болғанға дейін ирандық қоғам қайраткерлері ирандық фениксті жандандыруға тырысып, Әбу Әли Балхи, Әбу

Мовейд Балхи, Дақиқи Тоуси сияқты адамдар эпикалық хикаялармен кітаптар жазды, бірақ олардың әрқайсысы әртүрлі себептермен өз сапарларын жалғастыра алмады. Фердоуси бұл ауыртпалықты өз мойнына алып, «Шахнаманы» жазу арқылы ирандық болмысты, тарихты, мәдениет пен өркениетті өз ұрпағы мен келер ұрпаққа естелік ретінде қалдыра алды. Осылайша, иран халқының өзіне деген сенімділігін ояту үшін Фердоуси Иранның мақтан тұтар өткенін Ғазнауилер, Омеядтар және Аббасидтерге тарту етіп, олардың назарын ирандықтардың бай дүниетанымына аударды [2].

Сасанидтер билігі ирандық бірегейлік пен ұлтшылдықты орнықтыру мақсатында территориялық-географиялық тұтастық пен діни ынтымақтастық негізінде зороастризм дінін формальды етіп, оны институттандырды. Осы тұста ирандық мәдениетті бұрынғыдан да көрнекі етіп, Наурыз, Шаб Челлеһ сияқты мерекелер бірегейлік құралы ретінде қайта жаңғырды. «Шахнамада» довал деп аталған бақтияри тайпасына тән шәлі осы тайпаның бүгінгі эпикалық және әскери келбетін көрсетеді, сонымен қатар, қуат пен тепе-теңдік символына айналып отыр [3].

Кең байтақ Иран жері тарих бойында талай ащы мен тәттінің дәмін татып, талай асулар мен құлдырауларды бастан өткерді. Фердоуси ирандық еместердің озбыр басқыншылығы мен үстемдігіне қарсы тұру үшін этникалық мақтаншы пен Иранның ежелгі өркениетінің сипаттамасын жаңғыртып, иран халқының елді қорғау сезімін оята білді. Сонымен қатар, парсы тілінің тәніне жаңа тыныс берген асыл ақын осы ұлы еңбегінің көмегімен Иранның рухани байлығын тұрақтандыруға мүмкіндік берді. «Шахнаманы» жазу барысында ол бірде-бір шетел сөзін қолданбай, тек парсы сөздерімен жазып шыққан, тіпті қолданыстан шығып қалған парсы сөздерін оқырманның жадында қайта жандандырды. Ол дәуірдегі кітаптардың көбі араб тілінде жазылғанына қарамастан, өйткені сол заманның ғылыми тілі араб тілі еді. Бүгінгідей әлем ғалымдары ғылыми форумдар мен тұтыну нарығына шығу үшін өз жаңалықтарын негізінен ағылшын тілінде жазады. Фердоуси сол дәуірде орын алған осындай ерекшелікке қарамастан, жылдар бойы еңбегін табандылықпен жалғастырып, мәңгілік жәдігер қалтырды. Ал, парсы тілі әртүрлі ирандық этностардың күш-қуаты, бірлігі мен байланысының құралы. Фердоусидің бұл еңбегі ирандық деген ұлы ұғымның бір бөлігі; Өзіңіздің болмысыңызды білу және өзіңізді түсіну.

Заманауи ирандық ғалым Мұхаммед Әли Ислами Надушан Фердоусидің «Шахнамасын» әлемдік әдебиетте ұлт тағдырын өзгерткен бірден-бір кітап деп санайды. [4]. «Шахнаманы» Иранның ұлттық болмысының негізгі қайнар көзі дейтін себебі, тарихта өткен халықтардың көбісі «Шахнама» сияқты берік діңгегінің жоқтығынан не ыдырап, не күйзеліске ұшырап, тілі мен мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, ұлттық болмысы сан рет өзгеріп, түрленді [5].

«Шахнаманы» жай ғана миф деушілерге жауап ретінде сол мифтердегі оқиғалардың қазіргі заманда көрініс табуы таңғалдырады. Атап айтсақ, Симурғ пен Тахматан сияқты бір түнде ғасырлық жолмен жүріп, географиялық шекараларды бұзуы, қабырғалардың арғы жағынан, шекарашылар мен күзетшілерге қарамай, ақырын елдердің құпия әңгімелерін тыңдап, тіпті қорғалған қазыналардың дирхам және динарларына қол жеткізе алуы бүгінгі күндегі электронды төңкеріс заманында уақыт пен кеңістік арақашықтықтары жойылып, үлкен қалаларды күйретпей, қиратпай қолжетімді болып отырған жағдайлар мың жылдан астам уақыт бұрын жазылған жәдігердің әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпағанын көрсетеді [6].

Кез келген елдің білім беру жүйесі өз халқына ұлттық-мәдени тағылымдарды жеткізуде маңызды рөл атқаратындықтан, мектеп жеке тұлға мен әлеуметтік болмысты қалыптастыруда отбасынан кейінгі екінші маңызды институт болып саналады. «Шахнама» хикаяларындағы моральдық ілімдер бұл хикаяларды барлық жас топтарына

үйлесімді етті. Мектеп жасына дейінгі балаларды «Шахнамамен» таныстыру үшін тәрбиешілер ең тиімді әдісті, яғни әңгімені пайдалана алады. Сондай-ақ бастауыш сыныптарда кейбір Шахнама хикаяларының прозасын оқулықтарға қосу, оның оқиға желісін жеңілдетумен қатар, оқушылардың «Шахнамамен» жақынырақ танысуына мүмкіндік береді. Жоғары оқу орындарында студенттерге «Шахнаманы» тікелей оқытумен қатар, ұстаздар аудиторияда студенттердің өздері жатқа оқу арқылы тәрбиедегі құрғақшылықты жойып, «Шахнаманың» ұлттық тағылымдарының әсерін екі есе арттырады. Осы орайда бүгінгі қоғам мен кешегі көне болмысты байланыстыратын негізгі дәнекер – білім институты екенін баса айтқан жөн [7].

Түйін

«Шахнаманы» жазу арқылы Фердоуси иран халқының көне ұлттық мифтері мен дәстүрлерін сақтаумен қатар, ирандық ұлттың бірлігі мен интеграциясының негізін қалады. «Шахнама» иран халқының туу туралы куәлігі десе де болады. Сондықтан, бұл мақала ұлттық болмысқа қатысты элементтердің көрінісін көрсету әрекеті болып табылады. Сонымен қатар, Фердоуси мен оның «Шахнама» құнды еңбегінің ирандық болмысты нығайту мен жаңғыртудағы рөлін сипаттау және аналитикалық көзқараспен қарастыру және талдау әрекеті жасалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

1. <https://rasekhoon.net/article/show/1112027>
2. <https://samanketab.roshdmag.ir/fa/article/25899>
3. <https://www.ilna.ir>
4. <https://farhangi.tums.ac.ir>
5. <https://newsin.ir/fa/content>
6. <http://www.aeenefarzanegi.com>
7. <http://radiogoftogoo.ir/NewsDetails/?m=177117&n=835944>
8. <https://amordadnews.com/7811/>

Табынбаева З.С.

ИСТОРИЯ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ ВОСТОК-ЗАПАД НА ОСНОВЕ СРЕДНЕВЕКОВЫХ ПИСЬМЕННЫХ ИСТОЧНИКОВ

Аннотация: В статье представлен анализ истории взаимоотношений Востока и Запада на основе записок испанского путешественника Руи Гонсалеса де Клавихо, который на протяжении трех лет вел описания второго ответного посольства кастильского короля Кастилии дон Генриха III к знаменитому центральноазиатскому правителю Тамерлану в его столицу Самарканд. Экспедиция была организована в начале 1403 г. и завершилась в 1406 году. Руи Гонсалеса де Клавихо описывал в своих записках маршрут экспедиции, с указанием дат и времен года, полные названия мест где они останавливались и где проезжали. Особый интерес представляют записки о истории великого Тамурбека (Тимура, Тамерлана - Великого эмира Империи Тимуридов 1370-1405 гг.), период правления которого имеет большое значение при изучении истории и культуры Великой степи.

Ключевые слова: история и культура Великой степи, письменные Западноевропейские источники, история Тимура

Табынбаева З.С.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ШЫҒЫС-БАТЫС ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ

Аннотация: Мақалада Кастилия королі – дон Генрих III-нің аты аңызға айналған Әмір Темірге, оның астанасы – Самарқанға жіберген кастильдік екінші жауап елшілігін үш жыл бойы суреттеген испандық саяхатшы – Руи Гонсалес де Клавихо жазбалары негізінде Шығыс пен Батыс арасындағы қарым-қатынас тарихына талдау жасалған. Экспедиция 1403 ж. басында ұйымдастырылып, 1406 жылы аяқталды. Жазбаларында Руи Гонсалес де Клавихо күні мен жыл мезгілі көрсетілген экспедиция маршрутын, өздері тоқтап, басып өткен жерлердің толық атауы сипатталған. Ұлы дала тарихы мен мәдениетін зерделеу кезінде билеу кезеңінің маңызы зор ұлы Тамұрбек (Темір, Темірлан – 1370-1405 жж. Тимуридтер Империясының Ұлы Әмірі) тарихы бойынша жазбалары айрықша қызығушылық тудырады.

Түйін сөздер: ұлы дала тарихы мен мәдениеті, жазба Батысеуропалық дереккөздер, Темірдің тарихы

Tabynbaeva Z.S.

HISTORY OF EAST-WEST RELATIONS BASED ON MEDIEVAL WRITTEN SOURCES

Abstract: The article presents an analysis of the history of the relationship between East and West based on the notes of Spanish traveler Ruy Gonzalez de Clavijo, who had kept descriptions of the second return embassy of Castilian king Don Henry III to the legendary Timurlan to his capital Samarqand for three years. The expedition was organized in early 1403 and ended in 1406. Ruy González de Clavijo described in his notes the route of the expedition, with dates and seasons, full names of places where they stopped and where they passed. The records about the history of the great Tamurbek (Timur, Tamerlan - the Great Emir of the

Timurid Empire in 1370-1405), whose reign is of great importance for studying the history and culture of the Great Steppe are of special interest.

Key words: history and culture of the great steppe, written Western European sources, history of Timur

Введение. Благодаря реализации государственных программ «Культурное наследие», «Народ в потоке истории и «Архив-2025» казахстанским ученым открылась большая возможность изучения истории взаимоотношений Восток-Запад на основе новых материалов, выявленных в зарубежных архивах, библиотеках и музеях. Выявление их и введение в научный оборот являлась и до сих пор является актуальной задачей современных казахстанских исследователей. Документальное обоснование собственной истории позволяет, исследователям правильно идентифицировать свою нацию, свой народ в процессе его формирования, объясняя специфику и особенности национальной истории. Важность этой работы определяется необходимостью воспитания подрастающего поколения, передачи информации в том виде в каком она была зафиксирована многие года тому назад.

Для написания данной статьи, были использованы письменные источники, представленные в виде записок западноевропейского путешественника Руи Гонсалеса де Клавихо посетившего Великую степь в период 1403-1406 гг. в составе ответной дружеской экспедиции. Материалы были выявлены в ходе реализации проекта «Археографические работы в зарубежных архивах и фондах по истории и культуре Великой степи (выявление, анализ, оцифровка)», руководителем которого является член корр. НАН РК, д.и.н., профессор Абусейтова М.Х.

Материалы и методы. Для написания данной статьи был использован материал, западноевропейского путешественника, для рассмотрения одного из значимых периодов в истории Великой степи - время правления Тимура, который, по мнению многих исследователей, является периодом расцвета и процветания. Источниковедческий анализ записок Руи Гонсалеса де Клавихо является очень информативным т.к. сосредоточен на описании роли личности Тимура, политического строя тимуридского государства, что обуславливает использование сравнительно-сопоставительного метода в качестве одного из инструментария познания средневековой истории. Изучение роли политической элиты позволило рассмотреть такой аспект, как роль личности в истории, для понимания исторической реальности того периода.

Обсуждение. В средние века взаимоотношения между Востоком и Западом имели колоссальное значение, оказав значительное влияние на ход истории обеих частей мира. Эти взаимодействия простирались от культурного обмена до политических союзов и военных конфликтов, формируя сложные отношения, которые оставили непередаваемый след в культуре, религии, торговле и геополитике.

В течении многих столетий накопилось много исторического материала о истории взаимоотношений Восток-Запад, хранящихся в зарубежных архивохранилищах и библиотеках. Выявление, систематизация и исследование этого материала является в настоящее время важной задачей современных казахстанских исследователей. Новые материалы западноевропейских путешественников способствуют более глубокому изучению взаимообмена и взаимоотношений государств территории Великой степи с европейским миром. Поскольку в средневековой Европе были мало осведомлены об землях Востока, записки путешественников, посетившие их с разными целями – торговыми, миссионерскими, дипломатическими являются ценными. Важно учитывать и тот факт, что малая информация о Востоке, поразила много слухов и диковинных домыслов у западноевропейских народах. По этой причине при изучении письменных

источников, современным исследователям необходимо тщательно подходить к анализу текстов, исключая не подкрепленные фактами доводы и проводить анализ с источниками, написанными как европейскими, так и восточными авторами.

В зарубежных архивах сохранились достаточно много сведений о регионе Востоке в целом и Великой степи в частности, т.к. он имеет протяженные границы с великими державами и способствовал развитию торговли и обмена на Великом Шелковом пути. Ярким свидетельством является труд Руи Гонсалеса де Клавихо (Ruy Gonzalez de Clavijo), информативно и фактологически обширный как для европейского общества 15 века, так и для казахстанских исследователей в настоящее время.

История миссии и ее значение. Миссия во главе с Руи Гонсалеса де Клавихо в Самарканд имела важное политическое значение. Это было второе, ответное посольство, направленное кастильским королем Кастилии дона Генриха III в начале 1403 г. к легендарному правителю Тимирлану в его столицу Самарканд. Посольство состояло из нескольких выдающихся личностей того периода: Альфонсо Паес де Санта Мариа (Alfonso Paes de Santa Maria), Руи Гонсалеса де Клавихо и Гомеса де Салазара (Gomes de Salazar) [1, с. 13]. Все они оставили свои научные труды

Посольство было в пути более трех лет и за этот период Руи Гонсалеса де Клавихо, подробно описывал практически каждый день путешествия. Сведения обширны и изобилуют детальными подробностями и частными наблюдениями. Большое внимание в труде отведено названиям городов, селений, гавань, рек, описанию народов населявших их. Особенно для современников интересна та часть его описаний, которая раскрывает политическая историю великого Тамурбека (Тимура, Тамерлана - Великого эмира Империи Тимуридов 1370-1405 гг.), оказавшего большое влияние на исторические судьбы народов Великой степи и соседних стран.

В дневнике представлены записи о личных качествах Тимура, а также как был устроен быт его народа, какие были обычаи его народа, как проводились праздники, какая была одежда, оружие, еда, напитки и многое другое.


Сведения Руи Гонсалеса де Клавихо сохранились в двух рукописях, которые были написаны в разное время. Первая рукопись относится к первой половине XV века и состоит из 154 листов. Вторая же рукопись датируется концом XV века, наиболее хорошо была сохранена и была использована в дальнейшем для печатного издания. Именно вторая рукопись в 1582 году была издана Гонсало Арготе де Молина в виде книги под названием «Жизнь и деяния великого Тамерлана, с описанием земель под его владением и господством» (исп. «Vida y hazañas del Gran Tamorlán, con la descripción de las tierras de su imperio y señoría») в доме печати Андреса Писциони в городе Севильта [2]. В настоящее время оригинальные рукописи хранятся в Национальной Мадридской библиотеке, а их копии имеются также в Отделе редких книг Российской библиотеки в Москве.

Труды Руи Гонсалеса де Клавихо представляют собой важные исторические и этнографические источники. Они предоставляют уникальную перспективу на средневековые культуры Востока и Центральной Азии, а также взаимодействие Запада с этими регионами. Эти документы являются неопределимыми для современных исследований в области истории, культурологии, этнографии и межкультурного диалога. Согласно данным WorldCat дневники Руи Гонсалеса де Клавихо были опубликованы в 148 изданиях, в период с 1859 по 2018 г. на испанском, французском, английском, немецком, китайском, итальянском, русском языках и хранятся в 2148 библиотеках-членах WorldCat по всему миру [3].

Согласно сведениям источника отношения между государством Тимура и западноевропейскими государствами были дружескими. Причиной столь теплых отношений служил ряд исторических событий. С одной стороны западноевропейские

государства на рубеже XIV-XV вв. испытывали опасность исходящей от Османской империи: одни надеялись на союз с турками, другие создавали коалицию во главе с римским папой против них. С другой стороны - Тимур завоевавший к этому периоду огромные территории Ближнего Востока, Средней Азии и Индии стремился к расширению и укреплению торговых связей между Востоком и Западом через мировые торговые пути в этих регионах [4, с. 84-85]. Следует отметить и тот факт, что Тимур видел в западноевропейских государствах союзников, в вопросе которые могли ему помочь уничтожить своих врагов османов. Победа Тимура над османским правителем Баязидом в июле 1402 года является прямым тому доказательством. Из источника достоверно известно, что в состав армии Тимура при этом сражении входили как европейские галеры так и европейские рыцари.

Расширение отношений требовало от государств организации посольств. Одним из таких посольств и было то в котором участвовал Руи Гонсалеса де Клавихо. 21 мая 1403 года второе ответное посольство прибыло в порт Святой Марии и уже на следующий день посольство начало свое путешествие в Самарканд. Членами посольства были Фра Альфонсо Паес де Santa Мария (умер в пути 27 августа 1404 года), королевский гвардеец Гомес де Саласар, Алонсо Фернандес и Руи Гонсалеса де Клавихо со своими собственными оруженосцами [5, с. 191] и более 10 человек сопровождение. Путешествие по воде охватило порт Святой Марии, порт Лас-Муэлас, мимо мыса Деспартель (Эспартель) и земель Танхар (Танжер), Тариф, Химены, Септы (Сеуты), Альхесиры, Гибралтая и Марбельи, гор Малаги, мыса Палоса, мимо островов Ферментера, Ибиса (Ивиса), Мальорки, Корсика, Сардинии, Понса (Понца), Искла (Искья), Прочеда, Трапе, Арку, Фируку (Филикуди)Странголь (Стромболи), Салинас (Салина), Странголин (Стромболи), Болькани (Вулькано, Паранеа (Панареа), Панарин (Панарелли), Сицилия, Мончибле (Этна), Родос, Хио (Хиос), Ланго (Кос), Берро (Лерос), Форно, Титанис, Хамо (Самос), Микареа (Икария), Марди (Маден), Тенио (Тенедос), Нембо (Имброс – владения Константинополя), Мармара (турецкие земли), Калонимо (Калолимни) (с. 16). С 11 апреля 1404 года оно продолжилось по суше и к 8 сентября 1404 года достигло Самарканда. Обратный путь закончилось лишь в 1406 году (Илл. 1)



Илл. 1 The extracts and maps here are from the translation by Guy Le Strange, Clavijo. Embassy to Tamerlane 1403-1406 (New York and London: Harper, 1928).

Первоначальным намерением Руи Гонсалеса де Клавихо было встретиться с Тимуром на Ближнем Востоке, возможно в Турции или Сирии, но Тимур решил вернуться в Самарканд после семилетней османской компании, чтобы подготовиться к походу на Китай. Поэтому посольство сменило направление и направилось в Самарканд. Именно эта ситуация увеличила период экспедиции.

Посольство Руи Гонсалеса де Клавихо в Туркестане имело значительное влияние на развитие взаимоотношений между Западом и Востоком в средние века. Посольство Клавихо позволило установить прямые дипломатические контакты между Западом и Востоком, что помогло укрепить политические связи между Западом и местными правителями в Туркестане. Это содействовало в установлении взаимовыгодных дипломатических отношений.

Руи Гонсалес де Клавихо в своих трудах уделял особое внимание влиянию торговых и экономических связей с Востоком на развитие регионов Европы. Он считал, что эти связи играли ключевую роль в формировании благосостояния и подъема в европейских обществах. Его анализы в этом вопросе приобретают особую важность в современном понимании истории мировой торговли и экономики.

Во-первых, Клавихо выделял, что торговые маршруты, простирающиеся от Восточной Азии до Европы, были жизненно важными для обоих континентов. Эти пути обеспечивали поток товаров, включая драгоценности, шелк, пряности и многие другие продукты, которые были высоко ценными на обоих рынках. Это приводило к экономическому росту и расцвету как в Восточной, так и в Западной частях света.

Во-вторых, он подчеркивал, что эти торговые связи стимулировали развитие мореплавания и технологий связанных с ним. Европейские государства активно исследовали новые морские пути, разрабатывали судостроение и навигационные инструменты, что привело к формированию великих морских держав.

Третий аспект, который Клавихо подчеркивал, - это влияние торговых связей на разнообразие и культурный обмен. Регулярные контакты с Востоком привнесли в Европу новые идеи, культурные практики и технологии. Этот культурный обмен был важным элементом формирования ренессансной культуры в Европе. Также Клавихо детально описал свои встречи с восточными культурами, представив Западу уникальные и подробные сведения о традициях, обычаях и образе жизни азиатских народов. Это способствовало культурному обогащению и взаимному пониманию. Клавихо вел миссионерскую работу в Туркестане, что позволило укрепить религиозные связи между Христианством и местными верованиями. Это также способствовало дальнейшему диалогу и взаимопониманию в религиозных вопросах.

Таким образом, анализы Руи Гонсалеса де Клавихо о торговых и экономических связях с Востоком позволяют нам понимать, насколько важными были эти отношения для развития Европы в средние века. Они не только обогащали культуры и экономики обоих континентов, но и служили источником вдохновения для новаторских идей и технологий.

Заключение. Здесь отметим лишь, что не только для ученых занимающихся исследованием истории Казахстана, но и для всех современников, интересующихся историей взаимоотношений Восток-Запад, труд Руи Гонсалеса де Клавихо ценен тем, что в нем содержится множество самых разнообразных сведений о природе и людях Азии тех времен. Описание сделанное Руи Гонсалеса де Клавихо насыщены рассказами с восхищением описывающих красоту и богатства традиционную культуру народов Великой степи. Наряду с другими записками западноевропейских путешественников труд Клавихо составляет золотой фонд мировой литературы. Ему удалось передать сведения которые в большинстве случаев подтверждаются письменными источниками других авторов.

Следует отметить, что изучение труда Руи Гонсалеса де Клавихо важно в настоящее время, которое опровергает ложную концепцию извечной отсталости восточных стран намерено пропагандировавшаяся в литературе XVIII-XIX вв.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. Embassy to Tamerlan 1403-1406. Clavijo. – London and New York, 2005
https://books.google.kz/books?id=h3Yfp86qMkAC&pg=PA3&lpg=PA3&dq=the+royal+guard+G%C3%B3mez+de+Salazar&source=bl&ots=yfUw6SK6p2&sig=ACfU3U0_1sAhQks-P2aiYFHajTHUDbe9NQ&hl=ru&sa=X&ved=2ahUKEwjDr_qm3o33AhVjSvEDHZJCBpYQ6AF6BAguEAM#v=onepage&q=the%20royal%20guard%20G%C3%B3mez%20de%20Salazar&f=false
2. Clavijo, Ruy González de / The Encyclopædia Iranica // <https://www.iranicaonline.org/articles/clavijo-ruy-gonzalez-de-d>
3. González de Clavijo, Ruy - 1412. Worldcat // <http://worldcat.org/identities/lccn-n85055586/>
4. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен) 2-ое издание / Под ред. Такенова А.С. // Учебное пособие. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – 304 с.
5. Клавихо Рюи Гонсалес Дневник путешествия ко двору Тимура в Самарканд в 1403-1406 гг. / Под редакцией: Срезневского И.И. // <https://runivers.ru/bookreader/book9675/#page/5/mode/1up>

Омарова М.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ҚЫТАЙ ҮШІН МАҢЫЗЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ГЕОСАЯСИ КӨЗҚАРАС

Аннотация: Мақалада Орталық Азия аймағының Қытай сыртқы саясатында алатын орны геосаяси көзқарас тұрғысынан қарастырылған. Аймақ қауіпсіздігі мен саяси тұрақтылық мәселесі өзара ынтымақтастықтың негізі ретінде қарастырылады. Отандық, батыстық, қытайлық зерттеушілердің ғылыми еңбектері негізінде өзара байланыстар дамуы, Қытайдың халықаралық қатынастар жүйесінде аймақтық ойыншы ретінде гана емес, жаһандық ойыншы ретінде ықпалының артып жатқандығына қатысты пікірлер сарапқа салынған.

Түйін сөздер: Орталық Азия, Қазақстан, Қытай, геосаясат, ынтымақтастық, қауіпсіздік

Омарова М.

ГЕОПОЛИТИЧЕСКАЯ ПЕРСПЕКТИВА В ИЗУЧЕНИИ ЗНАЧЕНИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ ДЛЯ КИТАЯ

Аннотация: В статье рассматривается место Центральноазиатского региона во внешней политике Китая с геополитической точки зрения. Вопрос безопасности региона и политической стабильности рассматривается как основа взаимного сотрудничества. На основе научных трудов отечественных, западных, китайских исследователей высказаны мнения относительно развития взаимосвязей, возрастающего влияния Китая в системе международных отношений не только как регионального игрока, но и как глобального игрока.

Ключевые слова: Центральная Азия, Казахстан, Китай, геополитика, сотрудничество, безопасность

Omarova M.

GEOPOLITICAL APPROACH TO THE STUDY OF THE IMPORTANCE OF CENTRAL ASIA FOR CHINA

Abstract. The article discusses the role of the Central Asian region in Chinese foreign policy from the perspective of a geopolitical point of view. The issue of regional security and political stability is considered as the basis for mutual cooperation. On the basis of the scientific works of domestic, Western and Chinese researchers, opinions on the development of interrelationships, the growing influence of China in the system of international relations not only as a regional player, but also as a global player are discussed.

Key words: Central Asia, Kazakhstan, China, geopolitics, cooperation, security

Орталық Азия аймағы шығыстағы көршіміз Қытай үшін әрдайым маңызы зор өңір болып келеді. Аймақ қауіпсіздігі жағынан болсын, саяси-экономикалық жағынан болсын, Орталық Азияның, соның ішінде Қазақстанның Қытай елі үшін маңызын геосаяси көзқарас тұрғысынан қарастыру өте өзекті болып табылады. XX ғасырдың соңғы онжылдығынан бастап геосаясат халықаралық өзгерістердің негізгі заңдылықтары мен

үрдістерін танудың жолы ретінде қолданыла бастады. Соның нәтижесінде халықаралық тәртіптің негізі ретінде басқарылатын кеңістік концепциясы пайда болды. Бірақ ішкі геосаясаттың негізі ретіндегі географиялық детерминизм мүмкіндігінің шектеулі болуы сыртқы саясат мәселелерін талдауда, оның идеологиялық уәждерін негіздеуде зерттеу құралдарын жетілдіруді талап етті, ол қазіргі тарих ғылымындағы геосаяси көзқарастың қалыптасуына алып келді. Ал ХХІ ғасырдың басында геосаяси тәсілді қолдануда мынадай екі әдіснамалық ұстанымның тиімділігі айқын көріне бастады.

1. Бір жағынан территория принципін емес, мемлекеттердің мүдделерін әртараптандыру тұрғысынан, ал екінші жағынан әлемдік саясаттың мемлекеттік емес және мемлекеттен жоғары субъектілері (мысалы, трансұлттық корпорациялар, мемлекеттен жоғары құрылымдар және т.б.). тұрғысынан қарастыру керек.

2. Соның салдарынан геосаясат географиялық детерминизмнің классикалық нұсқасынан және шындықты түсінудің таза сандық және сипаттамалық тәсілінен бас тартуы керек [1, б. 66].

Аймақтық қауіпсіздік тек Қытай үшін емес, Орталық Азия үшін де өте маңызды мәселе. Аймақ қауіпсіздігіне нұқсан келтіруші факторлардың қатарында Шыңжаңдағы ұлттық сепаратизм, Ауғанстандағы саяси жағдайдың өзгеруін айтатын болсақ, Ауғанстаннан АҚШ әскери күштерінің шығарылуы нәтижесінде бұл аймақтың негізгі ойыншысы ретінде Қытайдың қалғанын айту керек. Солтүстіктегі көршісі Ресейдің де Украинамен соғыс жағдайы, шетелдік санкциялар оның Орталық Азия аймағындағы саяси ықпалын арттыруын тежейтін факторлар ретінде қарастырылады.

Қазақстандық зерттеуші М.Т. Лаумулин Орталық Азияның Қытаймен байланыстарын, сонымен бірге АҚШ, Ресей, Түркия, Иран сияқты әлемдік және аймақтық көшбасшы елдермен және Орталық Азияның өз ішіндегі қарым-қатынастарды зерттейді. Ғалымның зерттеулері осы тараптар арасындағы сан саладағы, оның ішінде саясат, экономика, қауіпсіздік және мәдениет салаларындағы ынтымақтастықтың қарқыны мен сипаттамаларын жақсырақ ұғынуға мүмкіндік береді. М.Т. Лаумулин өз еңбектерінде Қытай мен Орталық Азияның саяси ынтымақтастығын зерттеуде сапалы құжат талдауы мен сарапшылармен сұхбаттар әдістерін қолданды. Ол екіжақты және көпжақты деңгейлердегі өзара іс-қимылды қарастырды, сондай-ақ өңірлік ұйымдардың рөліне талдау жасады. Ғалымның шетелдік, соның ішінде батыс басылымдарына сараптамалық шолу жасауын да тиімді зерттеу әдісі ретінде бағалауға болады. Зерттеушінің «Центральная Азия в эпоху трансформации» атты көлемді монографиясы 2015-2020 жылдар аралығын қарастырады. Қазақстанда, Өзбекстанда және Қырғызстанда мемлекет басшылары ауысып, Тәжікстан мен Түркменстанда елдің саяси бағытын түбегейлі қайта бағдарлау жүзеге асты. Орталық Азия елдерінің ішкі және сыртқы саясаттарындағы түбегейлі өзгерістер мен даму үрдістерін зерттеу барысында зерттеуші тарихи-салыстырмалы, жүйелік талдау әдістерін пайдаланғанын айту керек. Ғалым аймақтың трансформацияға ұшыраған образын болашақ даму перспективасымен ұштастыра отырып, оның алдағы 10 жылдағы дамуын бес үрдіс айқындайтыны туралы тұжырым жасайды:

«Қытай аймақтағы ең маңызды геосаяси және экономикалық ойыншы болып қалады. Бұл елдің Орталық Азиядағы қатысуы бірден артып, Бейжіңнің өз ықпалын одан әрі арттыру бойынша көлемді жоспарларының саяси да, экономикалық та салдарлары болмақ. Бейжің өз мүдделеріне кепіл бере алатынына сенімді болу үшін Орталық Азия республикаларында болып жатқан ішкі саяси оқиғаларды жіті қадағалап отыратын болады. Бұл орайда автор Қытайдың Түрікменстандағы ықпалының одан сайын арта түсетінін ондағы Ресей ықпалының әлсіреуімен байланыстырып, оның оң және теріс жақтарына тоқталады. М. Лаумулин екінші үрдісті Ресеймен, үшінші үрдісті Иранмен,

төртінші үрдісті Ауғанстанмен, ал соңғы бесінші үрдісті аймаққа деген Батыс қызығушылығының төмендеуімен байланыстырады [2].

АҚШ-пен немесе Ресеймен салыстырғанда Қытайдың Орталық Азиядағы мүдделері жаһандық деңгейде бақылау орнату ниеті әлдеқайда әлсіз екендігін В. Парамонов, С. Пейруз, А. Воробьев сынды ғалымдар тұжырымдаған. Американдық ғалым Роберт Каплан Қытайдың сыртқы саясатының геосаяси аспектілерін және оның қалыптасуына тарихи факторлардың әсерін «Месть географии. Что могут рассказать географические карты о грядущих конфликтах и битве против неизбежного» атты монографиясында талдаған. Ол кез-келген мемлекеттің болашағына болжам жасағанда климат, аумақ, су ресурстары сияқты географиялық көрсеткіштерге баса назар аудару қажеттігін алға тартады. Р. Каплан тарихи шекаралардың, географиялық орналасуының және ресурстардың орналасуының Қытайдың Орталық Азиядағы стратегиялық мүдделері мен сыртқы саясатына қалай әсер ететініне назар аударады. Сондықтан да Қытайдың сыртқы саясатында Орталық Азияның алатын орнына баға бергенде геосаяси көрқарас басты орынға ие болады [3].

Қазақстандық сарапшы А. Каукуенов Қазақстан мен Қытай байланыстарының даму үрдісін геосаяси тұрғыда талдайды. Қазіргі геосаяси жағдайдың өзгеруіне қарамастан халықаралық қатынастар жүйесінде Орталық Азия аймағының Қытай үшін маңызының артып келе жатқанын өзінің сұхбаттарында жеткізген. Ресейге қарсы санкцияларға қарамастан Қытай бастамасымен жұмыс жасап жатқан «Бір белдеу, бір жол» жобасының қарқыны толастамайтыны туралы, аймақтағы басқа да ойыншылар, әсіресе Үндістан, Иран сияқты азиялық мемлекеттер Орталық Азияға қатысты өздерінің ұстанымдарын одан сайын нығайтатынын айтқан. Оның пікірінше, Батыс нарықтарының Ресей үшін жабылуы Ресей-Қытай саудасын ынталандырады және Қытай-Еуропа құрлықтағы сауданы айтарлықтай басатын ауқымда. Ол сондай-ақ Қазақстан-Қытай және Қазақстан-Ресей саудасын ынталандырады, өйткені Қытай мен Ресей Қазақстанның ең ірі экономикалық серіктестері болып табылады. Зерттеуші осы тұжырымын нақты сандық көрсеткіштер арқылы дәлелдейді: «2022 жылғы қаңтар-сәуір айларында Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымы да өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 26,7%-ға өсіп, 6,5 млрд долларды құрады. (2019 жылы бұл көрсеткіш \$5,2 млрд құрады.) 2022 жылдың қаңтар-сәуір айларында Қазақстаннан Қытайға экспорт 29%-ға өсіп, 3,6 млрд долларды құрады. 2022 жылғы қаңтар-сәуір айларында Қытайдан Қазақстанға импорт 23,9%-ға өсіп, 2,9 млрд долларды құрады». Осылай, статистикалық мәліметтер негізінде және геосаяси жағдайды бағалау нәтижесінде саясаттанушы Қазақстан Еуропа мен Азия арасындағы транзитте шешуші рөл атқаратын Жібек жолының ең маңызды көлік-логистикалық хабы ретінде дами беретінін айтады. «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты шеңберінде бұрын жөнделген және салынған темір жол дәліздері арқылы транзит мемлекетке қомақты кіріс әкелетінін де жеткізді [4].

Қауіпсіздік пен тұрақтылық кез-келген мемлекеттің сыртқы саясатының аса маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Орталық Азия мен Қытай үшін де ол күн тәртібінен түскен емес. Аймақ елдерінің Ауғанстанмен шекаралас болуы, трансұлттық қылмыстар дамуының мүмкіндігі, сол мәселелердің туындауына жасалған аймақтық геосаяси жағдай зерттеушілердің назарын аудартады. Осы мәселеге қатысты өзбекстандық зерттеушілер В.В. Парамонов, А. Ходжаев, Т. Рахимов, Г. Юлдашева қалам тартқан.

Қауіпсіздік саласындағы Қытай мен Орталық Азия байланыстарындағы негізгі үрдістерді зерттеуде В. Парамонов пәнаралық көзқарасты, диалектикалық және құрылымдық-функционалдық талдау әдістерін қолданады. Зерттеуші тараптар арасындағы қауіпсіздік ынтымақтастығын мына сегменттер аясында қарастырады:

- Әскери-техникалық сегмент. Бұл жерде Қытайдың Орталық Азияға бір реттік әскери мақсаттағы өнімнің жеткізілуі аталады. 1999 және 2000 жылдары болған Баткен оқиғалары кезінде Қытай Қырғызстанға әскери көмек бергені жоққа шығарылмайды.

- Бірлескен жаттығулар өткізу сегменті. Өзара іс-қимыл осы уақытқа дейін негізінен антитеррорлық және шекаралық, ал сирек жағдайларда Қырғызстанмен іс жүзінде әскери сипаттағы бір реттік іс-шараларды өткізуді қамтиды.

- ШЫҰ шеңберіндегі Қырғызстанмен және Тәжікстанмен екіжақты лаңкестікке қарсы (шекара) оқу-жаттығулары («Тяньшань-3»).

- өте аз айтылған лаңкестікке қарсы кейбір жаттығулар (оларға Тәжікстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мен ҚХР Қоғамдық қауіпсіздік министрлігінің бөлімшелері, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен ҚХАӨ бөлімшелері, ҚХР Халық қарулы полициясы және Өзбекстан Республикасы Ұлттық гвардиясының бөлімшелері қатысты).

- сыртқы шекаралардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету сегменті (тәжірибелік өзара іс-қимыл тек Тәжікстанмен және оның Ауғанстанмен шекарасын қорғау шараларын қаржылық және техникалық қамтамасыз ету бөлігінде ғана жүзеге асырылады);

- арнайы қызметтер мен құқық қорғау органдары арасындағы өзара іс-қимыл сегменті (бұл ең алдымен ақпарат алмасуды, жұмыс кездесулерін, консультацияларды және басқа да іс-шараларды өткізуді көздейді);

- шекара мәселелерін шешу және әскери сенім шараларын іске асыру сегменті.

В. Парамонов Қытай мен Орталық Азия арасындағы әскери-қауіпсіздік саласында атқарылған істерді жүйелей келе, ынтымақтастық сегменттерінің қаншалықты әсерлі болып көрінгенімен, тараптар арасындағы өзара іс-қимылдың жақын, белсенді, кең және ауқымды нысандары әлі де өте сирек кездесетінін айтады. Оның пікірінше, өзара іс-қимыл өте эпизодтық және кейбір маңызды мәселелерде мүлдем жоқ. Мысалы, іс-әрекеттердің көпшілігі оқшауланған немесе жалпы түрде формальды сипатқа ие, ынтымақтастық, тіпті одан да көп интеграциялық өзара қажеттіліктен гөрі саяси/коммерциялық жағдаймен көбірек байланысты деп тұжырым жасайды. Зерттеуші басқа ғалымдармен келісе отырып, Орталық Азияның Қытай үшін де, Ресей үшін де геосаяси және геоэкономикалық маңызының барған сайын артып келе жатқандығын айтады. Өз мүдделерін алға тартуда Ресеймен бірге ШЫҰ шеңберінде ынтымақтасу, сонымен бірге «Белдеу мен жол» жобасы аясында өзара әрекетті жүзеге асыру Қытайдың аймақтағы саяси, экономикалық, әскери және басқа да салалардағы байланыстарды нығайтуға ниетті екенін айтады [5].

Халықаралық қатынастарды, сыртқы саясатты зерттеу және талдау әдістерінің ішінде анағұрлым тиімдісі далалық зерттеулер екенін айту керек. Өйткені қоғамдағы әртүрлі үдерістерді қарапайым социум арасында, оқиғалар, ұстанымдар мен көзқарастар біте қайнасып жатқан ортада олармен тікелей араласу, сауалнамалар жүргізу, шынайы жағдаймен танысу арқылы тұжырым жасау шынайы ғылыми нәтижелерге жеткізетіні даусыз. Оның нақты мысалы ретінде Раффаэлло Пантуччи мен Александрос Петерсеннің 2022 жылы жарық көрген «Sinostan: China's Inadvertent Empire» (*Oxford University Press*) (Синостан: Қытайдың кездейсоқ империясы) атты монографиясын айтуға болады.

Шетелдік ғалымдар ғылыми ізденістерін бастаған 2008 жылы Бейжіңнің аймақтағы ықпалы айтарлықтай болмаса да, бүгінгі күнде Қытайдың Орталық Азиядағы ықпалы айтарлықтай өсті. 2001 жылы Шанхай ынтымақтастық ұйымы құрылып, оған Түркіменстаннан басқа Орталық Азияның барлық елдері және Ресей мүше болды. Осы уақыттан бастап Қытай Орталық Азияның ең ірі сауда серіктесіне айнала бастады, Бейжің бүкіл аймақта мұнай және газ құбырларының кең желісін салуда.

Қытай төрағасы Си Цзиньпин 2013 жылы «Жібек жолы экономикалық белдеуі» жобасын жариялаған болатын. Аталмыш жоба миллиардтаған долларлық «Бір белдеу, бір

жол» инфрақұрылымдық жобасының құрлықтағы бөлігі болып табылады. Дүние жүзіндегі ғылыми орталықтарда жұмыс істеп, бір мезгілде докторантурада оқитын екі зерттеуші Бейжіңнің Орталық Азияда «еріксіз империясын» қалай құрғаны туралы кітап жазды. Бірақ олардың жобасы аяқталған тұста, 2014 жылы Петерсен Кабулдағы бомба жарылысынан тәліптердің қолынан қаза табады да, жұмыстың жарыққа шығуы Пантуччидің жеке отбасылық шаруаларының себебінен кейінге шегерілді. Сондықтан да автордың өзі айтқандай, зерттеудегі негізгі тұжырымдар Пантуччиге тиесілі. 2014 жылдан бері де Қытайдың Орталық Азияға қатысты саясатында біраз өзгерістер орын алады.

«Үлкен экономикалық байланыстар, географиялық жақындық және осыған ұқсас ішкі алаңдаушылықтар Қытайдың негізгі ойыншы екенін білдіреді, бірақ Бейжің аймақтың кеңірек мәселелеріне қызығушылық танытпайды, оның орнына тар шеңберде өз мүдделеріне назар аударады», - деді Пантуччи. Бір жағынан, Пантуччи мен Петерсен Орталық Азияны қандай да бір мағынада Қытай үшін зертхана екенін алға тартты. Дегенмен, Пантуччи Қытайдың Орталық Азиядағы «ортақ ландшафтқа» қызығушылық танытпайтынын және аймақтың экономикалық немесе саяси мәселелеріне араласуға асықпайтынын айтты [6].

Саяси, экономикалық және мәдени байланыстарды зерттей отырып, Пантуччи мен Петерсен Қытайдың аймақтағы ықпалын негізінен кездейсоқ алған деген қорытындыға келді: Бейжің бүгінгі таңда Орталық Азияның әдейі емес, қалыптасқан жағдайларға байланысты ең маңызды серіктесі болды.

Синостан Қытайдың Орталық Азиядағы ықпалын оның мотивтерінен немесе жоспарларынан ажыратады. Бейжің бұл аймақты жаулап алуды емес, оны Қытайдың игілігі үшін дамытуды көздейді. Ал АҚШ-тың Ауғанстаннан шығарылуымен күшейген билік вакуумы және Ресейде туындаған дағдарыс Орталық Азияның Қытай үстемдігіне ашық болуына әкелді. Пантуччидің тұжырымы бойынша, Бейжің Ресейді ығыстыруды көздемейді. Ресей кедергі емес, басқару керек аймақтық держава. Мәскеу Бейжіңге мұқтаж, Бейжің Мәскеуге мұқтаж емес. Бұл мәлімдеме Ресей Украинаға басып кіріп, сол арқылы Батыспен байланысын үзгеннен кейін өзекті бола түсті.

Монографияда Қытайдың интеграциялық құрылымдарға қатысты ұстанымы да тұжырымдалған. Мысалы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы сияқты аймақтық альянстарға келетін болсақ, Бейжің Ресейдің отаршылдық билігін сақтап қалуға жиі жасайтын ебедейсіз әрекеттерінен айырмашылығы, «сақтық және табандылық (біртіндеп алға басу)» көзқарасын ұстанады. Бейжің ШЫҰ-ның ешқандай шара қолданбағанын қалайды. Осылайша Қытай дау-дамайдан аулақ бола отырып, жоғары лауазымды шенеуніктердің тұрақты кездесулеріне алаң беретін ресми аймақтық құрылымдардың бір бөлігіне айналады. Бейжіңдегі сараптама орталығының бір қызметкері ШЫҰ туралы айтқандай: «Ештеңе істемеу - бәрін жасау». Оған мысал ретінде бұрынғы кеңестік бес республикадан тұратын Ресейдің квазиимпериялық Еуразиялық экономикалық одағына Қытайдың жауап бермеуін айтуға болады. Бейжің 2015 жылы Мәскеу құрған одақтың аса маңызды өзгерістер әкеле қоймайынына сенімді болды. Болжамды түрде Қытай мен Орталық Азия арасындағы сауданың қысқа мерзімді құлдырауы болды, содан кейін Қытай аймақтағы ең ірі сауда серіктесі және тікелей шетелдік инвестиция көзі ретіндегі позициясын қалпына келтірді [7].

Португалия ғалымы Пауло Дуарте «Жер кіндігіндегі Қытай: Орталық Азия үшін «Белдеу мен жол» проблемалары мен мүмкіндіктері» еңбегінде Орталық Азияға Белдеу мен жолдың әсерін талдайды. Бұл жоба теміржол желілері төңірегіндегі логистикалық мәселелермен шектелмейтіндіктен, зерттеуші оның біртұтас, серпінді және тұтас стратегия екенін, яғни оның саяси және логистикалық мәселелерінің экономикалық

мүдделерді толықтыратыны туралы постулатты қолдайтынын айтады. Автордың өз сөзімен айтқанда, П. Дуартенің сараптамасы 2011 және 2012 жылдары Қазақстанда, Қырғызстанда және Тәжікстанда жүргізілген сұхбаттармен расталған сапалы әдіснамаға (негізінен, герменевтикаға) негізделген [8].

Пауло Дуарте «Белдеу мен жол» Қытайдың энергия мен минералдарға қол жеткізуін секьюритизацияға ұмтылысын білдіреді деп санайды. Сонымен қатар, «Белдеу мен жол» бастамасы Қытайдың аймақтық және жаһандық ықпалын арттыру арқылы әскери, саяси және мәдени мақсаттарға жетуді көздейді. Бұл жалпы «секьюритизация», өйткені Қытайдың әртүрлі провинциялары (бейнелеп айтқанда, «тұтастың құрамдас бөліктері») жоғары мақсатқа жетуге өздерінің жеке үлестерін қосуға шақырылған. Мақсат – Қытайда басталып, оның айналасына кеңейіп, бірте-бірте әлемнің басқа бөліктеріне таралатын жоба. Осылайша, Шығыс-Батыс дәліздерін жаңғырту саясатта, экономикада, әскери күште және жұмсақ күште көптеген секьюритизацияға қол жеткізуге бағытталған [9].

Қытай зерттеушісі Сунь Чжуанчжи Орталық Азия аймағының Қытаймен бірге басқа да державалар үшін маңызды екенін алға тартады. Оның ойынша, ірі державалар арасындағы ойынның шиеленісуі, әсіресе АҚШ пен Еуропаның Қытай мен Ресейге қарсы «тежеуі», кейбір аймақтық державалардың жан-жақты енуі Орталық Азиядағы геосаяси текетірестің күшеюіне және одан сайын күшейе түсуіне әкелді. Сыртқы қысымның күшеюімен бетпе-бет келген Қазақстанның тәуелсіз сыртқы саясат жүргізу, әртүрлі сыртқы күштердің тепе-теңдігін сақтау немесе «екі жаққа да пайда әкелу» және екі жаққа ие болу мүмкіндігі аз. Геосаяси тартыстарға араласпау және сол арқылы ұлттық дамудағы бастаманы қалай жоғалтпау – Қазақстанның қазіргі және бұрынғы президенттерінің саяси даналығының сынағы. Сунь Чжуанчжи 2021 жылдың тамызында Америка Құрама Штаттары өз әскерлерін Ауғанстаннан асығыс шығарғанын, бұл аймақтық қауіпсіздік жағдайын одан әрі қиындата түскенін айтады. Орталық Азия Ауғанстандағы экстремизм, лаңкестік және есірткі қылмыстары сияқты «таралуы мүмкін» деген нақты қауіптерге дер кезінде жауап беруі қажет деген пікір. Мұндай жағдайда Қазақстан мүмкіндігінше тезірек дипломатиялық жағдайды ашып, елдің экономикалық қауіпсіздігі мен ұлттық қорғаныс қауіпсіздігін жақсырақ сақтап, халықаралық тығыз ынтымақтастық арқылы қазіргі тығырықтан шығуы қажет. Сонымен қатар, ол Қазақстанның да жағдайын көрсете алады. Орталық Азиядағы ірі мемлекет ретінде ерекше рөл атқарады [10].

Ресейлік ғалым Л.Е. Васильев Қытай үшін Орталық Азия аймағының маңыздылығын айқындайтын мына факторларды атайды:

1. Орталық Азия аймағы Қытайдың сыртқы және ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан ұзақ мерзімді перспективада маңызды мәнге ие болады.

2. Қарқынды дамып келе жатқан Қытай экономикасы жағдайында Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынастағы энергетикалық сектор қазіргі Қытай үшін де өте маңызды.

3. Қытайдың ұзақ мерзімді перспективада дамуының негізгі векторы оны ХХІ ғасырдың жаһандық әлемдік державаға айналдыруға бағытталғанын, оның сыртқы саяси қызметінің геосаяси құрамдас бөлігін, алға қойылған мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз ету фактісін ескере отырып, АҚШ, Еуропалық Одақ, Жапония, Ресей, Үндістан және т.б. негізгі әлемдік субъектілер әрекет ететін әлемнің барлық аймақтарында ұсынылуы керек. Орталық Азия дәл сондай аймақ.

4. АҚШ пен НАТО-ның Орталық Азиядағы және Ауғанстандағы әскери қатысуы ұзақ мерзімді сипат алған жағдайда Қытай әлемнің басқа жақын аймақтарындағы жағдай шиеленісе түсетінін ескеруі керек, мысалы, Тайвань, Оңтүстік-Шығыс Азия, Тибет және т.б., Орталық Азия өз аумағында соққы беру үшін трамплин бола алады. Сондықтан Пекин басшылығы жағдайды үнемі бақылауда ұстауға және Орталық Азия аймағында

АҚШ пен НАТО-ның әскери экспансиясына жол бермеу үшін бар күш-жігерін салуға мәжбүр [11].

Белгілі қытай зерттеушісі Чжао Хуашен соңғы жылдарда қалыптасқан түрлі күрделі жағдайларға қарамастан Орталық Азия аймағының Қытай үшін маңызының артып келе жатқанына баса назар аударады: «2020 жылдың шілдесінде Қытай 5+1 форматындағы Қытай-Орталық Азия сыртқы істер министрлерінің диалогын бастады. Екінші диалог 2021 жылдың мамыр айында Қытайдың солтүстігіндегі Сиань қаласында өтті. Мүмкін бұл механизмнің жасалуына басқа елдердің тәжірибесі әсер еткен шығар. Соңғы жылдары көптеген мемлекеттер Орталық Азия елдерімен, соның ішінде Жапония, Оңтүстік Корея, АҚШ, Үндістан, Италия және Еуроодақ елдерімен 5+1 диалогтық тетіктерін құрды. Осы тұрғыда Қытай да осындай механизм құру қажет деп есептейді. Әрине, бұл да Орталық Азияның ерекше аймақ ретінде танылуының артқанын көрсетеді» [12].

Қорыта келе, Орталық Азияның Қытай елі үшін геосаяси маңызы уақыт озған сайын артып келеді. Қытайдың өршіл бастамаларының белсенді түрде жүзеге асуы нәтижесінде, Қытайдың аймақтық қана емес, жаһандық держава ретіндегі рөлінің өсуіне байланысты Бейжіңнің аймаққа көзқарасы бірте-бірте өзінің дәстүрлі қатысу үлгісінен Қытайды Орталық Азиямен байланыстарындағы басты полюс ретінде қарастыратын көзқарасқа алмасты. Орталықазиялық серіктестерімен байланыстарды одан әрі тереңдету бойынша білімі мен тәжірибесін кеңейте отырып, Бейжің бүгінгі таңда ресейлік делдалдықты қажет етпейтін дәрежеге жетті. Орталық Азия мемлекеттерімен екіжақты байланыстар мен аймақтық ынтымақтастықты нығайту арқылы Бейжің аймақтағы дербес стратегиясын айқындай түсті. Зерттеушілердің геосаясат географиялық детерминизмнің классикалық нұсқасынан және шындықты түсінудің таза сандық және сипаттамалық тәсілінен бас тартуы керек деген пікірімен келісуге болады. Себебі аймақтың, елдің геосаяси маңызы аумақтың кеңістік орналасуы, климат, ландшафттың саяси қолайлығы, көлік коммуникациялары сияқты географиялық көрсеткіштермен ғана емес, сонымен бірге экономикалық факторлармен өлшенеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

1. Козловская В.И. Геополитический подход и его роль в изучении всеобщей истории // Локус: люди, общество, культуры, смыслы (Вестник МГГУ им. М.А. Шолохова). 2010. – №2. – С. 64-71.
2. Лаумулин М. Центральная Азия в эпоху трансформации. – Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК, 2020. – С.436.
3. Каплан Р. Месть Географии. Что могут рассказать географические карты о грядущих конфликтах и битве против неизбежного. – Издательство «Колибри», 2015.
4. Политолог рассказал о Шелковом пути в новых геополитических реалиях 2022 года // <https://www.zakon.kz/6016948-politolog-rasskazal-o-shelkovom-puti-v-novykh-geopoliticheskikh-realiakh-2022-goda.html>
5. Парамонов В.В. Политика Китая в Центральной Азии и китайско-центральноазиатские двусторонние отношения в сфере безопасности: взгляд из Узбекистана // Постсоветские исследования. 2021. – Т.4, №4 // <https://cyberleninka.ru/article/n/politika-kitaya-v-tsentralnoy-azii-i-kitaysko-tsentralnoaziatskie-dvustoronnie-otnosheniya-v-sfere-bezopasnosti-vzglyad-iz>
6. «Китайстан»: вышла книга о влиянии Китая в Центральной Азии // <https://www.centralasian.org/a/xitoyiston-xitoyning-markaziy-osiyo-davlatlariga-ta-siri-haqida-kitob-chop-etildi/31812040.html>

7. Случайная власть Китая в Центральной Азии – обзор книги // <https://russian.eurasianet.org>
8. China's Belt and Road initiative and its impact in Central Asia. Washington, D.C.: The George Washington University, Central Asia Program, 2018 // https://centralasiaprogram.org/wp-content/uploads/2017/12/OBOR_Book_.pdf
9. Инициатива «Пояс и путь» Китая и её влияние в Центральной Азии (обзор книги) // <https://www.caa-network.org/archives/12138>
10. 孙壮志. 中亚“大块头”的外交智慧 (Орталық Азия «Үлкен адамының» дипломатиялық даналығы) // http://www.news.cn/globe/2022-01/05/c_1310396512.htm
11. Васильев Л.Е. Некоторые аспекты политики Китая в Центральной Азии // <https://cyberleninka.ru/article/n/nekotorye-aspekty-politiki-kitaya-v-tsentralnoy-azii>
12. 赵华胜: 现阶段中国发展上海合作组织的路径 // https://ciss.tsinghua.edu.cn/info/china_wzft/4775

Amado, G. T. R., Almeida Jr., J. B. de

TAI CHI CHUAN: EXPLORING ITS SIGNIFICANCE AS A TRADITIONAL CHINESE MARTIAL ART WITHIN CONTEMPORARY SINOLOGICAL STUDIES

Abstract. *This paper develops into the multifaceted aspects of Tai Chi Chuan within the framework of contemporary sinological studies. By examining the cultural and philosophical significance of Tai Chi Chuan, we gain valuable insights into Chinese society, cultural identity, and social harmony. The practice of Tai Chi Chuan embodies traditional Chinese values and offers a holistic approach to physical and mental well-being. Its philosophical principles, including balance and harmony, softness overcoming hardness, internal energy cultivation, mind-body connection, and the pursuit of inner calm, resonate with contemporary sinological studies. This research emphasizes the importance of recognizing and embracing the diversity within Chinese culture, promoting empathy and understanding, fostering cross-cultural exchanges, and ultimately contributing to a more inclusive and harmonious society. Through the integration of Tai Chi Chuan's principles into sinological research, we enhance our understanding of Chinese society, cultural identity, and social cohesion.*

Key words: *Cultural identity. Cultural and philosophical significance. Mind-body connection. Health and well-being benefits. Holistic understanding.*

Амадо Дж.Т. Р., Альмейда - кіші де Х.Б.

ТАЙЦЗИЦУАН: ҚАЗІРГІ СИНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ШЕҢБЕРІНДЕ ОНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚЫТАЙЛЫҚ ЖЕКПЕ-ЖЕК ӨНЕРІ РЕТІНДЕГІ МАҢЫЗЫН ЗЕРТТЕУ

Аннотация. *Бұл мақалада қазіргі синологиялық зерттеулер аясында тайцзицюанның көп қырлы аспектілері қарастырылады. Тайцзицюанның мәдени және философиялық маңыздылығын зерттей отырып, біз қытай қоғамы, мәдени бірегейлік және әлеуметтік келісім туралы құнды түсінікке ие боламыз. Тайцзицюан тәжірибесі дәстүрлі қытайлық құндылықтарды бейнелейді және физикалық және психикалық ал-ауқатқа біртұтас көзқарасты ұсынады. Оның философиялық принциптері, соның ішінде тепе-теңдік пен үйлесімділік, қаттылықты жеңетін жұмсақтық, ішкі энергияның дамуы, ақыл мен дененің байланысы және ішкі тыныштыққа деген ұмтылыс қазіргі синологиялық зерттеулермен үндеседі. Бұл зерттеу қытай мәдениетінің әртүрлілігін тану мен қабылдаудың, эмпатия мен түсінушілікті ынталандырудың, мәдениетаралық алмасуды жеңілдетудің және сайып келгенде, инклюзивті және үйлесімді қоғам құруға ықпал етудің маңыздылығын көрсетеді. Тайцзицюань принциптерін қытайтану зерттеулеріне біріктіру арқылы біз қытай қоғамы, мәдени бірегейлік және әлеуметтік келісім туралы түсінігімізді тереңдетеміз.*

Түйін сөздер: *мәдени бірегейлік, мәдени-философиялық маңызы, ақыл-дене байланысы, денсаулық пен ал-ауқаттың пайдасы, тұтас түсінік.*

Амадо Дж.Т. Р, Алмейда-младший Х. Б. де

ТАЙЦЗИЦЮАНЬ: ИЗУЧЕНИЕ ЕГО ЗНАЧЕНИЯ КАК ТРАДИЦИОННОГО КИТАЙСКОГО БОЕВОГО ИСКУССТВА В РАМКАХ СОВРЕМЕННЫХ СИНОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ

***Аннотация.** В статье рассматриваются многогранные аспекты тайцзицюань в рамках современных синологических исследований. Изучая культурное и философское значение тайцзицюань, мы получаем ценную информацию о китайском обществе, культурной самобытности и социальной гармонии. Практика тайцзицюань воплощает традиционные китайские ценности и предлагает целостный подход к физическому и психическому благополучию. Его философские принципы, включая баланс и гармонию, мягкость, преодолевающую жесткость, развитие внутренней энергии, связь разума и тела и стремление к внутреннему спокойствию, перекликаются с современными синологическими исследованиями. Это исследование подчеркивает важность признания и принятия многообразия китайской культуры, поощрения сопереживания и понимания, содействия межкультурным обменам и, в конечном счете, содействия созданию более инклюзивного и гармоничного общества. Благодаря интеграции принципов Тайцзицюань в китаеведческие исследования мы углубляем наше понимание китайского общества, культурной самобытности и социальной сплоченности.*

***Ключевые слова:** культурная идентичность, культурное и философское значение, связь разума и тела, польза для здоровья и благополучия, целостное понимание.*

The field of sinology extends far beyond the study of China as a geographic entity; it delves into the intricate tapestry of Chinese civilization, encompassing its diverse ethnic groups, regional variations, and historical developments. Sinology examines the multifaceted aspects of Chinese culture [1], including language, literature, arts, religion, philosophy, social structures, and political systems. It also encompasses the study of China's interactions with other societies, its global impact, and its contemporary challenges and transformations.

Sinology's scope also extends beyond academia, as it has practical applications in areas such as diplomacy, international relations, business, cultural exchange, and heritage preservation. Sinologists play a crucial role in fostering cross-cultural understanding, facilitating intercultural communication, and promoting mutual respect between China and the rest of the world.

Moreover, sinology contributes to the broader field of Asian studies, as China's historical and cultural influence has permeated various East Asian societies, shaping their languages, religions, philosophies, and social structures. Comparative approaches within sinology allow for fruitful exploration of the interconnectedness and shared legacies of East Asian civilizations.

Sinology aims to deepen our understanding of China's past, present, and future by exploring its rich cultural heritage, societal dynamics, and intellectual traditions. This paper seeks to analyze the multifaceted aspects of Tai Chi Chuan within the framework of contemporary sinology, going beyond other dimensions.

Tai Chi Chuan, often referred to as Tai Chi, is a traditional Chinese martial art with ancient origins. It is renowned for its slow, flowing movements, deep breathing, and meditative focus. Tai Chi Chuan combines martial techniques, health-promoting exercises [2], and philosophical principles, making it a unique and versatile practice.

Although historical documentation records the beginning of Tai Chi Chuan in Henan Province, with the Chen family, in the 17th century [3], they are believed to extend much further into Chinese history. The art form was developed by Zhang Sanfeng, a legendary figure who

drew inspiration from Chinese martial arts, Taoist philosophy, and the principles of Yin and Yang.

Over the centuries, Tai Chi Chuan evolved and diversified into different styles, with the most well-known being the Chen, Yang, Wu, and Sun styles. There are styles of Tai Chi Chuan linked to philosophical currents such as Buddhism, Taoism, and Confucianism, others still do not adopt a specific current. In this paper, we will emphasize aspects related to Taoism and the philosophy of Yin and Yang.

We understand Taoism as a philosophical and spiritual tradition that originated in ancient China, that is based on the teachings of Lao-Tzu [4]. Taoism encompasses a broad range of beliefs, practices, and notions that revolve around the concept of the Tao, which can be translated as “the Way” or “the Path”. At its core, Taoism emphasizes living in harmony with the Tao, which is considered the fundamental principle and the underlying essence of the universe. The Tao is often described as ineffable and transcendent, beyond conceptual understanding. It is the ultimate reality that encompasses and gives rise to everything in existence.

Taoism places great importance on naturalness, simplicity, and spontaneity. “It is clear enough, for instance, that the poise dinner calm that may be derived from the attitude of contemplative Taoism elevates him who hold sit above the struggling mass of harried men, and may even age in dealing with them” [4, p. 141]. It encourages people to align themselves with the natural flow of the universe, to follow their intuition, and to live by the rhythms of nature. The Taoist worldview perceives the universe as an interconnected and ever-changing system, where opposites complement and transform into each other. The concept of Yin and Yang, representing the interplay of opposing forces and energies, is central to Taoist philosophy.

Yin and Yang are two complementary and interconnected forces or energies that represent the dualistic nature of existence. Yin and Yang are often depicted as contrasting symbols: Yin represents the feminine, passive, dark, receptive, and cooling aspects, while Yang represents the masculine, active, bright, assertive, and warming aspects. However, it is essential to understand that Yin and Yang are not absolute or static categories, but rather relative and constantly changing concerning each other, which contributes to the understanding that every universal phenomenon is a dynamic unit composed of paradoxes.

In particular, the static paradigm has completely missed a duality perspective that culture has the capacity to reconcile the opposite poles of any cultural dimensions and can thus be both ‘feminine’ and ‘masculine’, both ‘individualist’ and ‘collectivist’, and so forth, in a dynamic process of change and transformation [5, p. 29]

The philosophy of Yin and Yang views the world as a dynamic interplay of opposing but harmonious principles and suggests that everything in the universe, and life, contains both Yin and Yang aspects. They are mutually dependent and give rise to each other. The interplay and balance between Yin and Yang are believed to be the source of all phenomena and the underlying principle that governs the cycles of nature, human behavior, and the universe as a whole.

At this point, Yin and Yang are not seen as opposing forces in conflict but as complementary and interconnected forces that need each other to exist. They are in a state of dynamic harmony, constantly transforming into one another. The philosophy of Yin and Yang emphasizes the importance of maintaining a balanced and harmonious relationship between these forces. On a broader scale, this philosophy encourages an understanding of the interconnectedness and interdependence of these phenomena and promotes the recognition of their complementary roles. By recognizing and appreciating the interplay of Yin and Yang, people can strive for greater harmony within themselves, their relationships, and the world around them.

In this way, the principles of Yin and Yang converge in Taoism's emphasis on harmony, balance, and interconnectedness resonates with many people seeking a deeper understanding of themselves and their relationship with the world. It is important to note that Taoism is a multifaceted and diverse tradition, with different schools of thought and practices. It can be approached as a philosophical system, a spiritual path, or a way of life, catering to individual interpretations and preferences. Therefore, we try to emphasize those aspects that we understand to be fundamental for Tai Chi Chuan to build its principles.

The practice of Tai Chi Chuan involves a series of continuous, slow, and deliberate movements, often referred to as forms or routines. These forms comprise various postures and transitions that flow seamlessly from one to another. Practitioners strive to maintain relaxed and fluid movements, emphasizing internal energy cultivation, balance, coordination, and body alignment.

One of the key principles in Tai Chi Chuan is the concept of “softness overcoming hardness” or “yielding to force”. Rather than relying on brute strength, Tai Chi practitioners learn to redirect and neutralize an opponent's energy using circular and spiral movements, leverage, and proper body mechanics. This concept is rooted in the Taoist philosophy of harmony and the principle of non-resistance, as well as resuming the circular and interconnection principle of Yin and Yang.

In this way, we understand that Tai Chi Chuan is part of the tradition of *neijia*, internal martial arts, characterized by their circular and spiraling movements, fluid footwork, emphasis on internal power, smooth movements with low physical impact, unlike other martial arts, such as *Wushu*, of the *waijia* tradition, external martial arts, characterized by movements fast, explosive and of high physical impact, therefore, with risk of injury to practitioners.

Beyond its martial applications, Tai Chi Chuan is widely practiced for its health benefits, it is “a system for integrating the physical and mental aspects of personal development” [6, p. ii]. Movements are initiated and guided by the mind’s intention, and the body responds accordingly. The mind and body are integrated, and practitioners strive to maintain a focused and calm mental state throughout their practice. Regular practice promotes physical fitness, flexibility, and balance. It improves posture, coordination, and muscular strength. The slow, controlled movements help reduce stress, enhance relaxation, and cultivate a sense of inner calm. Tai Chi is also known to have positive effects on cardiovascular health, immune function, and overall well-being.

“The correct way to train [is] seen as breathing in a controlled fashion while engaging in slow but sustained physical movement” [6, p. 12], which means that Tai Chi Chuan principles emphasize the cultivation of vital energy (Qi) and the pursuit of harmony in both body and mind. It reflects the holistic worldview and the traditional Chinese belief in the interconnectedness of nature and human beings. This holistic perspective recognizes that human beings are not separate from nature but deeply interconnected with it. By embracing the holistic worldview, practitioners of Tai Chi Chuan seek to align themselves with the natural flow of energy and harmonize their actions with the broader patterns of the universe.

Tai Chi Chuan holds significant philosophical and cultural significance in Chinese society [7] due to its deep roots in Chinese history, and its embodiment of rich cultural traditions and values that have shaped Chinese civilization. Its slow and graceful movements, rooted in ancient martial arts, evoke a sense of tradition, discipline, and elegance that resonates with Chinese cultural aesthetics. Moreover, Tai Chi Chuan plays an important role in promoting community cohesion and social connections in Chinese society. The community aspect of the practice promotes a sense of belonging, shared experiences, and mutual support, which creates opportunities for intergenerational interaction as older practitioners pass on their knowledge and

experiences to younger generations, thus preserving cultural heritage and promoting social harmony.

Today, Tai Chi Chuan has gained popularity worldwide [8], not only as a martial art but also as a gentle exercise and mindfulness practice. It is practiced by people of all ages and fitness levels, as it offers a low-impact form of exercise that can be adapted to individual needs and capabilities. It has become a symbol of Chinese culture and is widely practiced and appreciated by people from different countries and cultural backgrounds. Its promotion as a form of exercise, mindfulness practice, and a means of achieving holistic well-being has contributed to its international popularity and recognition as an embodiment of Chinese cultural values.

As a practitioner of Tai Chi Chuan, we believe that in Brazil, this self-defense technique is primarily focused on self-defense rather than attacking. When observing Tai Chi Chuan practitioners in the parks at dawn, the graceful and slow movements executed without interruption give the impression of a dance. However, from both a historical perspective and an analysis of the term, Tai Chi Chuan should be placed within the context of martial arts, particularly in its origins. The expression "Tai Chi Chuan" literally means "Supreme Summit boxing" [9, p. 11].

We are currently engaged in the participation of an extension workshop titled "Philosophy, Body, and Mind: Tai Chi Chuan and Chi Kung Classes" [10]. This workshop, open to the community, provides an opportunity for people to experience and practice Tai Chi Chuan in the Yang Family Style, as well as engage in Chi Kung exercises. The primary objective of this program is to promote holistic well-being by addressing the physical and mental aspects of personal development.

The workshop is designed by Almeida [10] to offer a comprehensive learning experience that goes beyond the physical movements of Tai Chi Chuan. It encompasses the philosophical principles underlying the practice, allowing participants to delve into the deeper aspects of this ancient art form. By integrating the concepts of Taoism, Yin and Yang philosophy, and the cultivation of vital energy (Qi), the workshop aims to provide a holistic understanding of Tai Chi Chuan as a means of personal growth and self-cultivation.

ШЫҰ БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарын, ең алдымен мемлекеттердің теңдігі мен егемендігін, олардың ішкі істеріне араласпауды, аумақтық тұтастықты өзара құрметтеуді, шекаралардың мызғымастығын, дауларды бейбіт жолмен реттеуді, күш қолданбау немесе күшпен қорқытпау, сондай-ақ бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған халықаралық құқықтың басқа да жалпыға бірдей танылған нормаларын ұстанады. Ұйымға мүше мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту, тәуелсіздікті нығайту, өз тағдырын және саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолдарын анықтау құқығын қамтамасыз ету ШЫҰ негізгі ережелерінің бірі.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) өз қызметінде 2001 жылы Шанхайда өткен ШЫҰ-ның бірінші саммитінде қабылданған Ұйымның Жарғысын басшылыққа алады. Алайда содан бері ШЫҰ-ның кейінгі саммиттерінің нәтижесінде Хартияға бірнеше рет өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Бұдан кейінгі саммиттерде Жарғыға келесі өзгерістер мен толықтырулар қабылданды:

2003 жылы Мәскеуде өткен ШЫҰ екінші саммитінде ШЫҰ-ның бірінші Жарғысын толықтырған ШЫҰ-ның мемлекетаралық ынтымақтастығын нығайту жөніндегі қосымша шаралар туралы қарар қабылданды.

2004 жылы Ташкентте өткен ШЫҰ-ның үшінші саммитінде ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес жөніндегі Декларациясы қабылданды. ШЫҰ Жарғысына бұл толықтыру аймақтағы лаңкестік қаупінің күшеюіне жауап болды.

2005 жылы Астанада өткен ШЫҰ-ның төртінші саммитінде ШЫҰ-ны саяси, экономикалық және мәдени одақ ретінде құру туралы Декларация қабылданды. Бұл толықтыру ШЫҰ-ның маңызды халықаралық ойыншы ретіндегі ұстанымын нығайтты.

Сондай-ақ Астанадағы саммитте ШЫҰ-ға үш мемлекет бақылаушы статусын алды: Үндістан, Иран және Пәкістан.

2006 жылы Шанхайда өткен ШЫҰ-ның бесінші саммитінде ШЫҰ Банкаралық консорциумын құру туралы Декларация қабылданды. Бұл мүше мемлекеттер арасындағы қаржылық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған ШЫҰ Жарғысына қосымша болды.

Осылайша, ШЫҰ-ның Жарғысы ШЫҰ саммиттері кезінде бірнеше рет толықтырылып, өзгертілді. Енгізілген өзгерістер мен толықтырулар қатысушы мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға және аймақтағы ортақ мәселелерді шешуге бағытталған.

Мүше елдердің бастамасы арқасында ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің құрамы үнемі өсіп келе жатқанын атап өткен жөн. 2004 жылы Ташкентте өткен ШЫҰ саммитінде Моңғолияны ұйымға бақылаушы мемлекет ретінде қабылдау туралы бастама көтерілді. 2009 жылы Екатеринбургте өткен кездесуде ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің басшылары Шри-Ланка мен Беларуське ШЫҰ диалогы бойынша серіктес мәртебесін беру туралы шешім қабылдады. 2012 жылдың 7 маусымында ШЫҰ-ға мүше елдердің басшылары Ауғанстанға ШЫҰ-да бақылаушы мәртебесін беру туралы шешімге және Түркияға диалог бойынша әріптес мәртебесін беру туралы шешімге де қол қойды. 2016 жылы Ташкентте өткен ШЫҰ саммитінде бүгінде ұйымның толыққанды мүшелері болып табылатын Үндістан мен Пәкістанның ШЫҰ-ға қосылуы туралы меморандумдарға қол қойылған.

Соңғы жылдары ШЫҰ айтарлықтай даму және кеңею процесін бастан өткерді. 2017 жылы Үндістан мен Пәкістан, 2022 жылы Иран ұйымға толыққанды мүше ретінде қосылды. Қазір оған тоғыз мемлекет мүше. Олар: Қытай, Ресей, Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Үндістан, Пәкістан және Иран. Ұйым Еуразиялық кеңістікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен тұрақтылықты сақтауға, жаңа сын-қатерлер мен қауіп-қатерлерге бірлесіп қарсы тұруға, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған көпжақты ынтымақтастықтың бірлестігі. Аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ШЫҰ қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

2022 жылы Самарқандта Иран Ислам Республикасы ШЫҰ-ға мүше мемлекет мәртебесін алу туралы меморандумға қол қойылды. Сонымен қатар, Самарқанд саммитінде Беларусьті ШЫҰ-ға қабылдау механизмі іске қосылып, Мысыр, Катар, Сауд Арабиясының ұйымның диалогтық серіктестері мәртебесі рәсімделетін болады.

ШЫҰ қызметінің негізгі бағыттарының бірі ұйымның бүкіл географиясында өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады, ол үшін «үш зұлымдық күштерінің» - терроризм, сепаратизм және экстремизмді жою болып табылады. ШЫҰ ұғымындағы «терроризм» түсінігін 2001 жылғы 15 маусымдағы терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Шанхай конвенциясы қабылдаған құжат анықтады.

Ол ШЫҰ мүше мемлекеттердің басты міндеті ретінде үнемі күн тәртібінде тұр. Бұл аймақтың тұрақтылығы мен әлеуметтік-экономикалық дамуына жағдай жасап отыр.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы 20 жылдан астам уақыт бойы өз ауқымын кеңейтіп, тұрақты дамып келеді. Қазіргі уақытта бұл ұйымға Орталық, Оңтүстік және Батыс Азия аймақтарын (Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан, Үндістан, Пәкістан, Иран) қоса алғанда, Еуразияның басым бөлігін алып жатқан тоғыз мемлекет мүше. Үш мемлекет ШЫҰ-да бақылаушы мемлекет мәртебесіне ие: Ауғанстан, Беларусь және Моңғолия. Диалог бойынша серіктес тоғыз ел: Әзірбайжан, Армения, Камбоджа, Непал, Түркия, Шри-Ланка, Сауд Арабиясы, Египет және Катар. Оның сыртқы байланыстары БҰҰ және G20, НАТО, АСЕАН, БРИКС сияқты бірлестіктермен ынтымақтастық арқылы дамып келеді.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің жалпы аумақтық ауданы шамамен 34–36 млн шаршы шақырымды құрайды, бұл Еуразия кеңістігінің 3/5 бөлігінен асады. Осы елдердің барлығы әлемдік ЖІӨ-нің 20%-дан астамын құрайды, бұл ШЫҰ-ны әлемдегі ең ірі аймақтық ұйым ретінде көрсетеді.

ШЫҰ халқының этникалық, діни құрамы мен саяси құрылымы жағынан ерекшеленетін ірі мемлекеттер мен шағын елдерді біріктіреді. Оның қызметі субъектілер арасындағы қарым-қатынастардың әртүрлі нысандарын қамтиды: ірі елдердің серіктестіктерінен бастап, үлкен және кіші мемлекеттердің тығыз ынтымақтастығына дейін.

Халықаралық лаңкестікпен, сепаратизммен және саяси экстремизммен күресудегі ынтымақтастықтан басталған ШЫҰ жұмысы оның қызметін экономикалық салаға, одан әрі денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, туризм және т.б. салаларға кеңейтті. Ұйым тек деструктивті күштерді ұстау үшін ғана емес, сонымен қатар қатысушы елдердің халықтарын біріктіру мақсатын да алға тартады.

ШЫҰ-ның жүйе құраушы элементі халықаралық терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы тұру болып табылады. Қазіргі уақытта бұл нысандарға қауіп-қатердің тағы бір түрі – кибертерроризм қосылды, ол жекелеген мемлекеттер үшін де, бизнес құрылымдары үшін де бүкіл халықаралық қоғамдастық үшін күрделі мәселе. Осы саладағы мүше мемлекеттердің ынтымақтастығы үшін байыпты құқықтық негіз қалыптасты. ШЫҰ-ның қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігері бірлескен әскери жаттығулардан көрінді.

Шанхай қоғамдық ғылымдар академиясының ШЫҰ зерттеу орталығының директоры Пань Гуанның тұжырымдарын зерттеу ынтымақтастық пен даму саласындағы ШЫҰ қатысушыларын біріктіретін бірқатар негізгі факторларды анықтауға мүмкіндік берді.

Біріншіден, аймақ елдері терроризм, сепаратизм және экстремизм қаупімен жиі бетпе-бет келеді, олармен күресу ШЫҰ құрамына кіретін мемлекеттердің саяси басымдылыққа ие мәселесі болып табылады.

Екіншіден, ШЫҰ елдерінің экономикасы жаһандық пандемия салдарынан даму қарқынын бәсеңдетіп, қиындықтарға тап болды. Осыған байланысты тек қана қарқынды экономикалық және сауда ынтымақтастықтары пайда болған мәселелердің шешімін тауып, белгілі бір табысқа жетуге көмектеседі. Ал бұл өз кезегінде аймақтағы тұрақтылықты сақтауға септігін тигізеді.

Үшіншіден, ШЫҰ елдерін радикалды діни-экстремистік идеология проблемасы, атап айтқанда Ауғанстандағы үдерістердің Орталық Азия өңірінің қауіпсіздігіне әсері қатты алаңдатады.

Төртіншіден, Орталық Азия елдері, Ресей және Қытай исламдық экстремистік күштердің енуіне қарсы тұруға жоғары дайындық жағдайында.

Бесіншіден, ШЫҰ елдері өздерінің ұлттық мүдделерінің негізінде жатқан этносаралық, конфессияаралық, әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-экономикалық қатынастарды бұзуы мүмкін түрлі кедергілердің қаупінің күшеюіне алаңдаулы.

Алтыншыдан, геосаяси үдерістер, соның ішінде Ресей-Украина қақтығысының шиеленісуі мен Қытай мен АҚШ арасындағы қарым-қатынастар ШЫҰ елдерінің саясатына қатты әсер етеді. Осы факторлардың барлығы аймақтың қауіпсіздігі мен тұрақтылығына қауіп төндіреді.

Осы жағдайларда ШЫҰ туындаған мәселелерді шешу үшін өз қызметін жандандыру және кеңейту қажеттілігіне тап болды. ШЫҰ-ның даму стратегиясы мен тактикасын әлемдегі өзгерген жағдайға сәйкес түзету қажеттілігі туындады. Халықаралық деңгейде ШЫҰ Ауғанстанда, Оңтүстік Азияда және Кавказда өз ықпалын кеңейтуге ұмтылады.

Алайда Ұйым одан әрі дамудың тұжырымдамалық мәселелеріне және еуразиялық саясатын жаңарту қажеттілігіне қатысты жаңа міндеттерді алға қойды. Бүгінгі таңда ШЫҰ елдері арасындағы ынтымақтастықты тереңдетудің жаңа мүмкіндіктерін зерделеу маңызды. Оның үстіне, бұл жолда ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің тиімді өзара қарым-қатынасына әсер ететін бірқатар қиындықтар бар.

Анықталған мәселелерді талдау арқылы, олардың негізгі себебі ШЫҰ-ны дамытуға қазіргі заманғы мүдделер мен көзқарастардың алшақтығы, іс-әрекеттерді үйлестірудің әлсіздігі, экономикалық интеграцияның бірыңғай тетігінің жоқтығы екенін көрсетеді.

Ауғанстандағы жағдай қауіпсіздіктің басты мәселелерінің бірі болып қала береді. 2015 жылдан кейін ШЫҰ-ның ауған мәселесіне көзқарасы біршама өзгерістерге ұшырады. Егер бұрын бұл мәселе аймақ қауіпсіздігінің сыртқы факторы ретінде қарастырылса, қазір Ауғанстан ШЫҰ-ның ішкі мәселесіне айналды.

Бұл Ауғанстан мәселесін тек екіжақты деңгейде шешу мүмкін еместігін, әртүрлі халықаралық ұйымдар деңгейінде, соның ішінде ШЫҰ аясында күш-жігерді біріктіру қажеттігін көрсетеді.

Сонымен қатар, дүние жүзіндегі ең ірі апиын өндіруші Ауғанстанның географиялық жақындығын және Орталық Азиядағы есірткінің заңсыз айналымына қатысты жағдайдың нашарлауын ескере отырып, ШЫҰ елдерінің саяси бағытының ауқымында есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес маңызды орын алады. 2012-2017 жылдар аралығында тәркіленген героин дүние жүзінде тәркіленген есірткінің шамамен 14%-ын құрады. Осылайша, ШЫҰ көпжақты ынтымақтастық механизмі ретінде халықаралық және өңірлік қауіпсіздік мәселелерін талқылау алаңына және жаһандық үдерістердің толыққанды бөлігіне айналды. Бұл ретте Қытай мен Ресей ШЫҰ-ның барлық қатысушыларын біріктіретін негізгі елдер болып табылады, олардың серіктестік деңгейі мен ауқымы ШЫҰ-ның одан әрі даму бағытын анықтайды. Сонымен қатар, Орталық Азия елдері де ұйымның дамуына мүдделі.

Аймақтың дамуына ықпал ететін көпжақты ынтымақтастық тетіктерін құру міндеті барған сайын артуы осы себептерден шыққан. Мәселелерді шешу Ұйымға мүше мемлекеттердің бірқатар факторлар бойынша бірлескен шешіміне тікелей байланысты болады, олардың арасында мыналарды атап өту керек: көпжақты ынтымақтастықтың іс-жүзінде жүзеге аспауы, ШЫҰ елдерінің іс-әрекеттерін үйлестірудің әлсіздігі, ШЫҰ дағдарыстық жағдайларға әрекет етудің бірыңғай тетігінің жоқтығы.

Қазіргі уақытта өзара қарым-қатынастың экономикалық аспектісі әскери саламен қатар ынтымақтастықтың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Экономикалық бағыттардың ішінде қаржы-банк секторы, ауыл шаруашылығы, көлік мәселелері, су шаруашылығы және отын-энергетика кешені жетекші орынға ие.

Қытай ШЫҰ-ны дамыту үшін көпжақты ынтымақтастықты құруға мүдделі. Бұл жағдайда негізгі назар экономикалық компоненттерге аударылады. Атап айтқанда, 2022 жылы Самарқанд қаласында өткен ШЫҰ саммитінде сөйлеген сөзінде Си Цзиньпин сауда, инвестициялар, инфрақұрылым құрылысы саласындағы қорытынды құжаттарды іске асыруды жеделдетуді, "Бір белдеу-бір жол" бастамасын елдердің ұлттық даму стратегияларымен және өңірдің интеграциялық үдерісімен ұштастыру жөніндегі жұмысты жандандыруды ұсынды.

Осыған орай, ШЫҰ елдері қазіргі уақытта өңірлік сауданы дамыту үшін қажетті құқықтық негіз қалайтын ШЫҰ - ға мүше мемлекеттер арасындағы сауда рәсімдерін оңайлату туралы келісімге қол қою бойынша белсенді келіссөздер жүргізуде. Бұдан басқа, "Бір белдеу-бір жол" жобасы шеңберінде сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, қаржы, ауыл шаруашылығы және басқа да салалардағы ынтымақтастықты дамытуды алға қойды.

ШЫҰ-ға мүше елдер ұйым аясында тауарлардың еркін қозғалысына және техникалық ынтымақтастыққа мүдделі. Ұйым құрылғалы бері қабылданған шаралардың нәтижесінде ШЫҰ-ға мүше елдер арасындағы тауар айналымы 30 пайызға дейін өсті. ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің жалпы ішкі өнімі 2014 жылы 12,5 триллион долларға жетті. Бұл, жаһандық көрсеткіштің 16,03%-ы (салыстыру үшін: АҚШ-та – \$17,42 трлн., ЕО – \$18,47 трлн). Бұл көрсеткішті арттыруға ықпал ететін инфрақұрылымдық жобалар да жасалды.

Осылайша, Қытай сарапшылары "Қытай экономикалық ынтымақтастықты ШЫҰ-ның дамуына ықпал ететін негізгі фактор және ШЫҰ елдері арасындағы өзара қарым-қатынастың маңызды элементі ретінде қарастырады" дейді. Сонымен қатар, "ШЫҰ құрылған сәттен бастап экономикалық қатынастарға қауіпсіздік мәселелеріне қарағанда аз мән берілді, өйткені "үш зұлымдыққа" (экстремизм, терроризм және сепаратизм) қарсы күрес ұйымның құрылуындағы ең өзекті бағыты болып саналды. Басты мәселе, Қытайдың өсіп келе жатқан экономикалық қуаты Ресейді алаңдатты. ҚХР Орталық Азияда және ШЫҰ аясында Ресей Федерациясын ығыстыруы мүмкін деген алаңдаушылық тудырды".

Экономикалық дамудың заманауи жағдайында экономикалық өзара қарым-қатынастың жаңа мүмкіндіктері, атап айтқанда, газ және мұнай экспорты үшін аймақтың энергетикалық әлеуетін пайдалану пайда болды. Энергия көздеріне деген сұраныстың артуы және ресурстың бұл түрінің қайта қалпына келмеуі бар әлеуетті толық іске асыру үшін энергетикалық сектордағы қарым-қатынастарды дамыту қажеттілігін тудырады. Дегенмен, ШЫҰ-ның қалыптасуы мен қызметіндегі барлық табыстарға қарамастан, оның қатысушылары арасындағы қарым-қатынастар қайшылықтардан арылмаған. Ғалымдардың пікірінше, ШЫҰ үшін ең маңызды кедергі ұйымның ең ірі мемлекеттері – Қытай мен Ресей арасындағы ұйым жұмысындағы бағытты анықтаудағы қайшылықтар болып табылады.

ШЫҰ аясында Қытаймен терең экономикалық интеграция мәселесінде Ресей өте сақтық саясат ұстанып отыр. ШЫҰ-дағы өңірлік ынтымақтастықтың бұл түрінің баяу дамып келе жатқанының бір себебі де осында. Сонымен қатар, Қытай мен Ресейдің аймақтағы экономикалық интеграцияға көзқарасы әртүрлі. Мысалы, Ресей 2011 жылы Ресей, Беларусь және Қазақстанның қатысуымен Кедендік одақ аясында экономикалық ынтымақтастықты дамыту туралы шешім қабылдады. 2013 жылы Қытай "Бір белдеу-бір жол" бастамасын бастады. Кейінірек 2015 жылы Еуразиялық Кедендік одақ экономикалық одаққа (бұдан әрі – ЕЭҚ) айналды.

2016 жылдың маусымында Санкт-Петербург экономикалық форумында Ресей Федерациясы «Үлкен Еуразиялық әріптестік» жобасын ұсынды. Бұл жобаның идеясын алға тарта отырып, Ресей өзінің ірі аймақтық стратегиялық тұжырымдамасын жариялады. Бұл Ресейге посткеңестік кеңістіктің шеңберінен шығып, Шығыс Еуропаны, Азия-Тынық мұхиты аймағын және Үнді мұхиты аймағын қоса алғанда, Үлкен Еуразия кеңістігіне өтуге мүмкіндік береді.

Қытай экономикалық интеграцияға кедергілерді жоюды, ресурстарды экономикалық тұрғыдан барынша ұтымды бөлуге қол жеткізуді, бір-бірін толықтыратын экономикалық құрылымдарды барынша пайдалануды және аймақтық экономикалық ынтымақтастық пен интеграция үшін қолайлы жағдай жасауды белсенді түрде жақтайды. Алайда, ЕЭҚ мен "Бір белдеу-бір жол" арасындағы көпжақты жобаларды ілгерілету туралы қол қойылған келісімдер әлі күткен нәтиже бермеді.

ШЫҰ мемлекеттерінің экономикалық қатынастарында Қытай ерекше орын алады. Ол жыл сайын өңірдегі экономикалық жағдайға айтарлықтай әсер етеді, еркін сауда аймағын қалыптастыруды, сонымен бірге сауда мен инвестициялар үшін инфрақұрылымды қалыптастыруды талап ете отырып, ШЫҰ мемлекеттерінің осы

саладағы бірлескен жұмысын жандандырады. Орталық Азия өңірі мемлекеттерінің экономикасын өздерінің экономикалық мүдделерінің кеңістігіне қолайлы ету арқылы, ҚХР Орталық Азия елдерін, ең алдымен, өз өнімдерін өткізудің тұрақты нарықтары ретінде қарастырады.

Бейжің педагогикалық университетінің Еуразиялық зерттеулер орталығының директоры Ли Син Қытай мен Ресейдің ШЫҰ-ға қатысты стратегиялық тұжырымдамаларын салыстыра отырып, «ШЫҰ-ға қатысты екі елдің ортақ мақсаты бар. Ол аумақтық тұтастықты қамтамасыз ету, салыстырмалы түрде дамымаған аймақтарда экономикалық өсуге жәрдемдесу, Батыс гегемондық елдердің осы аймаққа енуін тежеу, Орталық Азиядағы «үш зұлымдыққа» (терроризм, сепаратизм және экстремизм) қарсы тұру, экономикалық қарым-қатынастарды орнату және Орталық Азия елдерімен тату көршілік, екі елдің Орталық Азиядағы ұстанымын нығайту» деп атап өтті.

Алайда екі ел бұл мәселеде әлі толық бірауыздылыққа қол жеткізген жоқ. Қытай Ресейдің әрекетін ШЫҰ қызметінің саяси және әскери құрамдас бөлігін нығайту әрекеті деп санайды. Осылайша, 2014 жылы ШЫҰ-ның Душанбе саммитінде Ресей көтерген ШЫҰ мен ҰҚШҰ-ны біріктіру бастамасын Қытай қабылдамады.

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы әртүрлі тапсырмаларды орындау арқылы өз қызметінің әмбебаптығына ұмтылады, бірақ әзірге терроризммен күрес саласынан басқа, мәселелерді шешіп, қойылған мақсатты жүзеге асырудың заңнамалық және институционалдық тетіктері жасалмаған. Сонымен қатар, әртүрлі деңгейдегі маңыздылығы бар қиындықтарды шешуге ұмтылу бүкіл ұйымның өнімділігін жоғалтуға немесе серіктестік жобаларының пропорционалды емес қалыптасуына әкелуі мүмкін.

Экономика саласы барған сайын құжаттық, институционалдық және практикалық сипаттарға ие болуда. Мысалы, Іскерлік кеңес пен Банкаралық бірлестік құрылып, тиісті жобалар мен келісімдерге қол қойылды. Серіктестіктің 11 бағыты бойынша 120 қаржылық жоба әзірленген. Оларды жүзеге асыруға Қытай 900 миллион доллар бөлді, жалпы сомасы 2 миллиард доллар болатын келісімшарттарға қол қойылды. Аймақтық терроризмге қарсы құрылым (АТҚК) Атқару комитетінің бюджеті 1,33 миллион долларды құрайтынын ескерсек, ШЫҰ-ның антитеррорлық жұмысына жеткілікті деңгейде назар аудармайтындығы айқын көрініп тұр.

ШЫҰ серіктестіктің екі негізгі бағытын қамтиды – экономика және қауіпсіздік. Экономикалық серіктестікті құрудың және оны дамытудың басымдығы болашақта пайда болатын қиындықтарға негіз болуы әбден мүмкін.

Қауіпсіздік саласын дамытуға деген ұмтылыс және сапалы экономикалық серіктестікке бет бұру ШЫҰ секілді ірі аймақтық ұйымда қиындықтар туғызатыны сөзсіз. ШЫҰ-да басқару тетігінің жоқтығын ескере отырып, ол мүшелер арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуіне, серіктестіктің бір бағытының пайдасына басқаларына зиян келтіретін бұрмалауларға тап болуы мүмкін.

Алайда ұйымның өзінде әртүрлі экономикалық және қауіпсіздік мәселелерін жүзеге асырудың аспектілері мен әртүрлі тәсілдері бар. Осыған орай, «Бір мәселені екінші мәселеге зиян келтіре отырып шешуге шешім қабылдай алмайсыз, ШЫҰ көп мақсатты халықаралық ұйым болуы керек», - деп Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз ойын білдірген болатын.

Экономика мен қауіпсіздік арасында таңдау жасағанда, барлық мемлекеттер бірдей таңдамайды. Ұйым мүшелерінің даму бағытының біркелкі еместігі және тарихи қалыптасқан қарым-қатынастар салдарынан ішкі қарама-қайшылықтар туындайды. Мысал ретінде, Үндістан мен Пәкістан арасындағы Кашмир аймағы үшін орын алып жатқан қақтығыстар, Қытай мен Үндістан арасындағы шекаралық мәселелердің толықтай шешім таппауы, сонымен қатар, Тәжікстан мен Қырғызстан арасындағы шекаралық қақтығыс

ұйым тарапынан біркелкі реттелінбеді. Ұйымға мүше елдердің арасындағы бір-бірімен қақтығыстары мен шешім таппаған мәселелері біркелкі даму бағытына көшуге және ШЫҰ-ның саяси аренада берік орынды иемденуге кедергі келтіріп отырғаны сөзсіз.

ШЫҰ терроризм, экстремизм және сепаратизм қауіпіне қарсы тұрақты күресу арқылы аймақтық қауіпсіздіктің сақталуына айтарлықтай белсенді рөл атқарып отыр. Атап айтқанда, ұйымға мүше мемлекеттердің қорғаныс министрлерінің, құқық қорғау органдарының, сот органдары басшыларының, қауіпсіздік кеңесі хатшыларының отырыстарын өткізу тетіктері қалыптасқан. Осының аясында бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау бойынша консультациялар өткізіліп, іс-шаралар үйлестіріледі.

2017 жылғы 8-9 маусымда Астанада өткен ШЫҰ-ның саммиті Ұйым дамуының жаңа кезеңін бастады. Оның мысалының бірі Үндістан мен Пәкістанға қауымдастықтың толыққанды мүшесі мәртебесін беру болды. Оңтүстік Азияның екі қуатты және беделді мемлекетінің ШЫҰ-ға кіруі - Ұйым жұмысының әлеуеті мен ауқымын кеңейтті, оның ішінде дәстүрлі және дәстүрлі емес сын-қатерлер мен қауіп-қатерлерге бірлесіп іс-қимыл жасауға жаңа мүмкіндіктер ашты.

ШЫҰ-ның кеңістігі – Солтүстік Мұзды мұхитынан, Үнді мұхитына дейін солтүстіктен оңтүстікке және шығыстан батысқа Қытайдағы Ляньюньганнан, Ресейдің Калининградтың дейінгі аумақты қамтиды. Бұл дегеніміз жер шары халқының жалпы халық санының 44%-ның тұрақтылықты ұжым болып қамтамасыз ету бойынша, күш-жігер біріктіріп, аймақтың және дүниежүзі бейбітшілігін сақтап келеді деуге болады. Бұл бүгінгі күнгі әлемдік ең ірі аймақтық ұйымның жауапкершілік міндетіне айналып отыр.

ШЫҰ-ға төрт бірдей ядролық держава ұйымдасып отыр. Бұл деген әлемдік ядролық клубтың тең жартысын біріктіру болып табылады. Осы тұрғыдан ШЫҰ форматы жаһандық стратегиялық тұрақтылықты сақтау жүйесінің қосымша тірегі болып табылады.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының «Астана Декларациясы» ұйымға мүше мемлекеттер басшыларының Астанадағы кездесуінің негізгі құжаты болды. Құжат мәтінінде ұйымға мүше мемлекеттердің өңірлік және жаһандық күн тәртібінің негізгі мәселелері бойынша келісілген ұстанымдарынан басқа, Ұйымның бейбітшілік пен қауіпсіздікке төнетін қатерлерге қарсы тұру бойынша одан әрі жасалатын қадамдары көрсетілген.

ШЫҰ-ның тұрақты органы болып табылатын, «үш зұлымдық» қауіп-қатерлеріне қарсы күресте дәйекті жұмыс жүргізетін Аймақтық Терроризмге Қарсы Құрылымның (АТҚҚ) рөлі маңызды.

АТҚҚ қызметінің негізгі нәтижелері жыл сайын АТҚҚ Кеңесінің отырыстарында қаралады және ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Мемлекет басшылары кеңесіне баяндалады.

АТҚҚ ақпарат алмасуды жеңілдету және мүше мемлекеттер арасында бірлескен терроризмге қарсы операцияларды жүргізу арқылы аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Ұйым мүше мемлекеттерге аймақтағы лаңкестік пен экстремизммен күресу үшін барлау мәліметтерімен алмасу, әскери күшті үйлестіру және ортақ стратегияларды әзірлеу үшін платформа ұсынады.

АТҚҚ мүше мемлекеттердің құқық қорғау және қауіпсіздік органдарының лаңкестік қауіптерге әрекет ету қабілетін арттыру мақсатында бірлескен әскери жаттығулар, семинарлар мен конференциялар өткізеді. Ұйымның күш-жігері аймақтағы лаңкестік әрекеттерді ауыздықтау және лаңкестік әрекеттердің алдын алу бойынша табысты болды.

АТҚҚ-ның маңызды жетістіктерінің бірі - 2002 жылы шешен сепаратистері қатысқан Мәскеу операциялық театрында адамдарды кепілге алу кезінде антитеррорлық операцияларды сәтті үйлестіруі болды. АТҚҚ 2004 жылы Өзбекстан Ислам қозғалысының

(ӨИК) жетекшісі Тахир Юлдашевты Біріккен Араб Әмірліктерінен Өзбекстанға экстратрадициялауда да маңызды рөл атқарды.

Соңғы жылдары АТҚҚ есірткі бизнесіне, киберқылмысқа және трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресті қамтитын қызметін кеңейтті. Ұйым сондай-ақ осы жаңа қауіптермен күресу үшін өзінің әлеуетін арттыру үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасы (UNODC) сияқты басқа халықаралық және аймақтық ұйымдармен серіктес болды.

АТҚҚ аясында ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің антитеррорлық әлеуетін арттыру бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілуде, бірлескен практикалық іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілуде. Осы бағыттағы практикалық нысандардың бірі 2006 жылдан бастап жыл сайын лаңкестікке қарсы бірлескен әскери оқу-жаттығуларды өткізу болып табылады, оның барысында әртүрлі террористік қауіптер мен лаңкестік актілерді бейтараптандыру бойынша құзыретті органдардың әрекет ету тетіктерін және өзара іс-қимылын практикасын әзірлеу жүзеге асырылады. Мысал ретінде «Бейбітшілік миссиясы-2021» лаңкестікке қарсы оқу-жаттығуын келтіруге болады.

2021 жылғы 20-24 қыркүйек аралығында, ШЫҰ-ға мүше 8, Қазақстан Республикасының, Қытай Халық Республикасының, Ресей Федерациясының, Үндістан Республикасының, Қырғызстан Республикасының, Пәкістан Ислам Республикасының, Тәжікстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының Қарулы күштерінің 5,5 мыңнан астам әскери қызметкері мен 1,5 мыңға жуық әскери техникасы «Бейбітшілік миссиясы-2021» лаңкестікке қарсы бірлескен әскери-штабтық оқу-жаттығуларына қатысты. Оқу-жаттығуға алғаш рет Беларусь Республикасының әскери контингенті қатысты. Бұл іс-шара Ресей Федерациясының Орынбор облысындағы Доңғыз полигонында өтті және ШЫҰ тарихындағы ең ірі әскери оқу-жаттығулардың біріне айналды.

Әскери қызметшілер ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер әскерлерінің коалициялық тобының лаңкестікке қарсы операциясын дайындау және өткізу міндеттерін бірлесіп пысықтады. Оқу-жаттығуға авиация, атап айтқанда, МИ-8 тікұшақтары, СУ-24МР барлау ұшағы, СУ-34 жойғыш бомбалаушы және Ил-76 әскери-көлік ұшақтары тартылды. Сондай-ақ оқу-жаттығулар жоспарына сәйкес әскерилер жағдайды тұрақтандырып, операция жүргізілетін аумақты ақпараттық блоктауды жүзеге асырғаны атап өтілді.

23 қыркүйекте ШЫҰ лаңкестікке қарсы оқу-жаттығуларының белсенді кезеңі басталды. Іс-шараның негізгі мақсаттары – лаңкестікке қарсы операцияны дайындау мен өткізуде мемлекеттік органдардың келісімділігін арттыру, терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша тәжірибе алмасу, сондай-ақ негізгі тактиканы әзірлеу. Сарапшылардың пікірінше, «Бейбітшілік миссиясы-2021» әскери оқу-жаттығу шаралары Ауғанстандағы тұрақсыз жағдай аясында ШЫҰ әскерлерін ықтимал лаңкестік әрекеттерге жедел ден қоюға үйретуге мүмкіндік береді.

ШЫҰ АТҚҚ-дан басқа мүше мемлекеттерде, соның ішінде Ташкент, Бішкек және Бейжіңде лаңкестікке қарсы бірлескен орталықтар құрды. Бұл орталықтар терроризм мен экстремизмнің алдын алу және күресу бойынша бірлескен операцияларды жүргізуге, ақпарат алмасуға және әскери күшті үйлестіруге жауапты.

Осылайша, АТҚҚ мүше мемлекеттердің терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрестегі ынтымақтастығын ілгерілету арқылы аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

ШЫҰ лаңкестік пен экстремизмге қарсы күрестің құқықтық негіздерін, соның ішінде «ШЫҰ-ның терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы» конвенциясын жасады. Бұл конвенция мүше мемлекеттердің лаңкестік пен экстремизмге қарсы күрестегі ынтымақтастығына, сондай-ақ осы саладағы ақпарат пен тәжірибе алмасуға негіз болады. Мүше-мемлекеттер терроризм мен экстремизмге қарсы күрес

бойынша ұлттық заңнамаларды да қабылдады және лаңкестер мен экстремистерді қудалау және экстрадициялау бойынша күш-жігерін күшейтті.

ШЫҰ экстремизммен күресу мақсатында мүше-мемлекеттер арасындағы мәдени және діни алмасуды ілгерілетуде де маңызды рөл атқарды. Ұйым ШЫҰ-ның дәстүрлі мәдениет форумын құрды және конфессияаралық диалог пен толеранттылықты ілгерілету жөніндегі бастамаларды қолдайды. Бұл бастамалар әртүрлі мәдениеттер мен діндерді жақсырақ түсінуге, сондай-ақ экстремистік идеологияларға қарсы тұруға ықпал етті.

ШЫҰ-ның терроризм мен экстремизмге қарсы күрестегі тағы бір маңызды рөлі оның басқа халықаралық ұйымдармен өзара әрекеттесуінде. ШЫҰ лаңкестік пен экстремизмге қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымымен, Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымымен және басқа да өңірлік ұйымдармен әріптестік байланыстар орнату ниетінде.

ШЫҰ-ның халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормалары мен қағидаттарын қатаң сақтау, БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарын қатаң сақтау негізінде шиеленісті жағдайларды саяси-дипломатиялық реттеу жөніндегі міндеттемесі мызғымас болып қала береді. Осыған байланысты Ұйым БҰҰ-ның халықаралық қатынастардағы орталық үйлестіруші рөлін нығайтуды жақтауды жалғастыруда. Дүниежүзілік ұйыммен, оның мамандандырылған институттарымен және агенттіктерімен ынтымақтастықты үдемелі дамытуға және нығайтуға ерекше мән береді.

БҰҰ-мен және ШЫҰ-мен бірлесіп өткізілетін арнайы іс-шаралар қауіпсіздік қатерлері мен сын-қатерлеріне қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға елеулі практикалық үлеске айналуға мүмкін. Мұны 2016 жылғы қарашада Нью-Йоркте өткен «БҰҰ және ШЫҰ: сын-қатерлер мен қауіптерге бірлесіп қарсы тұру» атты жоғары деңгейдегі бірлескен арнайы іс-шаралардың нәтижелері, сондай-ақ БҰҰ-ның Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасымен бірлесіп ұйымдастырылған «БҰҰ және ШЫҰ есірткіге қарсы күресте: ортақ қауіптер, бірлескен әрекеттер» 2017 жылғы наурызда Венада өткен іс-шараларды атап айтуға болады.

ШЫҰ жалпы қауіп-қатерлер мен қауіпсіздік қатерлеріне қарсы тұру, ең алдымен терроризммен, соның ішінде сепаратизммен, экстремизммен, трансшекаралық ұйымдасқан қылмыспен, есірткі бизнесімен күресте жан-жақты қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін диалог пен ынтымақтастықты тереңдетуге бағытталған бірлескен күш-жігерді арттыруды жалғастыруда.

ШЫҰ аймақтық қауіпсіздікті сақтау мен аймақ аралық ынтымақтастықты дамытудағы орны мен атқарып отырған рөлі өте маңызды. Әсіресе, дәстүрлі емес қатерлерге қарсы күресуде, яғни антитерроризм мен экстремизм күрестерінде өте маңызды рөл атқарып отыр.

ШЫҰ халықаралық ұйымдармен өзара әрекеттестік жасауы аймақтық және әлемдік бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға өз үлесін қосып келеді.

ШЫҰ үздіксіз ұйымға мүше мемлекет қабылдау арқылы, өзінің әлемдік ықпалын нығайтып келеді. Ал қабылданған мемлекеттердің Қытаймен саяси экономикалық мүдделес болуы – әлем назарын аударып отырғандығын айтап айтуға тиіспіз.

Қорытындылай келе, бұл мақалада Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының кеңею процесі талданып, оң және теріс жақтары айқындалды. Зерттеу барысында ШЫҰ-ның қазіргі заманғы әлемдік контексттегі маңыздылығын және оның аймақтық және жаһандық тұрақтылыққа ықпалы анықталды. Ұйымды кеңейту процесі оның эволюциясының ажырамас кезеңі екені, мүшелер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға және оның әсер ету аясын кеңейтуге көмектеседі.

Мақаланың түйінді тұжырымдарының бірі – ШЫҰ кеңеюінің көптеген оң аспектілері бар, соның ішінде экономикалық ынтымақтастықты нығайту, қауіпсіздік

тәжірибесімен алмасу және маңызды өңірлік және жаһандық мәселелер бойынша диалог алаңын құру. Алайда, осы орайда ұйымның кеңейту процесі кезінде кездесетін қиындықтары мен мәселелерін деп атап өту қажет. Ең негізгі мәселе ұйым мүшелері арасындағы бір-біріне қарым-қатынас орнатуда реттеуі қиын мәселелердің болуы. Мысалы: Үндістан мен Пәкістан арасындағы Кашмир аймағы үшін орын алып жатқан қақтығыстар, Қытай мен Үндістан арасындағы шекаралық мәселелердің толықтай шешім таппауы, сонымен қатар, Тәжікстан мен Қырғызстан арасындағы шекаралық қақтығыс ұйым тарапынан біркелкі реттелінбеді. Бұл мәселеге Ресей мен Қытайдың ішкі есебі, яғни олардың өздерінің даму бағыты және ұйымды дамыту бағытындағы тек жеке мүдделерінің алдыңғы орынға шығуы ШЫҰ-ның әлі де шешім таппаған мәселелерге толы екендігін көрсетіп отыр. Екінші жағынан, ШЫҰ-ның кеңеюі ШЫҰ мен АҚШ, сондай-ақ басқа Батыс елдері арасындағы қарым-қатынастардың шиеленісуіне әкелуі мүмкін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

1. Кенесхан Н.Ж. (2023) ШЫҰ-ның аймақтық қауіпсіздікті сақтаудағы орны мен рөлі // Фараби әлемі. 6-8 сәуір.
2. Астанинская декларация десятилетия Шанхайской организации сотрудничества [Электронный ресурс]. URL: http://russian.china.org.cn/news/txt/2011-06/16/content_22794316.htm
3. Муратбекова А. (2019) Кризис идентичности Шанхайской организации сотрудничества: что будет дальше? // Вестник международных организаций. Т. 14. № 4. С. 138–160 (на русском и английском языках). DOI: 10.17323/1996-7845-2019-04-07.
4. Дудина Г. и др. (2017) ШОС растет вширь и вдаль // Коммерсантъ. 22 апреля.
5. Коростиков М. (2017) Декларация вскочила в уходящий состав // Коммерсантъ. 8 июня.
6. Син Л. (2017) Стратегия Китая и России в Шанхайской организации сотрудничества: сравнительный анализ // Сравнительная политика. Т. 8. № 2. С. 98–107.
7. ТАСС (2017) Рашид Алимов: ШОС стала «большой восьмеркой».
8. Allison R. (2004) Regionalism, Regional Structures and Security Management in Central Asia // International Affairs. Vol. 80. No. 3. P. 37–41.
9. Aris S. (2009) A New Model of Asian Regionalism: Does the Shanghai Cooperation Organisation Have More Potential Than ASEAN? // Cambridge Review of International Affairs. Vol. 22. No. 3. P. 451–467.
10. Akizhanov S. (2017) India and Pakistan Join the SCO: The Balance Is on the Side of the Optimists. Kazinform. 8 June.
11. Chung C.P. (2006) China and the Institutionalization of the Shanghai Cooperation Organization // Problems of Post-Communism. Vol. 53. No. 5. P. 3–14.
12. Desai S. (2017) India's SCO Challenge. The Diplomat. 5 December.
13. Helfer L. (2006) Understanding Change in International Organizations: Globalization and Innovation in the ILO // Vanderbilt Law Review. Vol. 59. P. 649–726.
14. Huasheng Zh. (2013) China's View of and Expectations From the Shanghai Cooperation Organization // Asian Survey. Vol. 53. No. 3. P. 436–460.
15. Konarovskiy M. (2016) Russia and the Shanghai Cooperation Organization: Some Elements of Strategy // International Organisations Research Journal. Vol. 11. No. 4. P. 149–161.
16. Lanteigne M. (2018) China and the Shanghai Cooperation Organization: Diverging Security Interests and the “Crimea Effect”. Russia's Turn to the East: Domestic Policymaking and Regional Cooperation.

17. Oldberg I. (2007) The Shanghai Cooperation Organisation: Powerhouse or Paper Tiger? FOI: Swedish Defence Research Agency.
18. Roy M.S. (2012) India's Options in the Shanghai Cooperation Organisation // Strategic Analysis. Vol. 36. No. 4. P. 645–650.
19. Sputnik International (2016) Shanghai Pact Anti-Terror Database Lists 2,500 Suicide Bombers, 69 Groups. 13 September.

**АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР/ СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ/
INFORMATION ABOUT AUTHORS**

№	Каз.	Рус.	Англ.
1.	Амадо Жизели Тиаго Рибейро – Уберландия федералдық университеті, лингвистика магистрі дәрежесі, Уберландия, Бразилия	Амадо Жизели Тиаго Рибейро – Федеральный университет Уберландии, степень магистра лингвистики, Уберландия, Бразилия	Amado Giselly Tiago Ribeiro – Master's degree in Linguistics, Federal University of Uberland, Uberlandia, Brazil
2.	Альмейда Хосе Бенедито де кіші – аУберландия федералдық университеті, философия докторы, Уберландия, Бразилия	Алмейда-младший Хосе Бенедито де – Федеральный университет Уберландии, доктор философии, Уберландия, Бразилия	Almeida José Benedito de Jr. – Ph.D, Federal University of Uberlandia. (Uberlandia, Brazil)
3.	Батырхан Болатбек – Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, PhD Алматы, Қазақстан Ердашова Айгерим – Р.Б. Сүлейменов ат. Шығыстану институтының 2 курс докторанты, Алматы, Қазақстан	Батырхан Болатбек – ведущий научный сотрудник Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, PhD Алматы, Казахстан Ердашова Айгерим – докторант 2 курса Института востоковедения им. Р.Б.Сулейменова, Алматы, Казахстан	Batyrkhan Bolatbek – Scientific Secretary for Master's and Doctoral Studies, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, PhD, Almaty, Kazakhstan Yerdashova Aigerim – 2nd year doctoral student of R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan
4.	Каримова Рисалат-Бибі – Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты Ұйғыртану орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Алматы, Қазақстан	Каримова Рисалат-Бибі – руководитель Центра уйгуроведения Института востоковедения им. Р.Б.Сулейменова, доктор исторических наук, профессор, Алматы, Казахстан	Karimova Risalat-Bibi – Head of the Center for Uyghur Studies, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Doctor of Historical Sciences, Associate Professor, Almaty, Kazakhstan
5.	Кенесхан Нұрбек – әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Шығыстану факультеті, Қытайтану кафедрасының 2 курс магистранты, Алматы, Қазақстан	Кенесхан Нурбек – КазНУ им. Аль-Фараби, факультет востоковедения, Магистрант 2 курса кафедры китаеведения, Алматы, Казахстан	Keneskhan Nurbek – Master of the 2st course Al-Farabi Kazakh National University Faculty of Oriental Studies, Department of Chinese Studies Almaty, Kazakhstan

6. **Мәсімханұлы Дүкен – Р.Б. Сүлейменов** атындағы Шығыстану институтының бас директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, Алматы, Қазақстан
- Масимханулы Дукен –** Генеральный директор Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, д. филол. н., профессор, Алматы, Казахстан
- Masimkhanuly Duken –** Doctor of Philological Sciences, Professor, General Director, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan
7. **Мұқаметханұлы Нәбижан –** Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Қазіргі Қытайды зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Алматы, Қазақстан
- Мукаметханулы Набижан –** Директор Центра исследования современного Китая при КазНУ им.аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор, Алматы, Казахстан
- Mukhametkanuly Nabizhan –** Doctor of Historical Sciences, Professor, Director, Center for the Study of Modern China at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
8. **Омарова Мадина –** Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Шығыстану факультеті, тарих ғылымдарының кандидаты, Алматы, Қазақстан
- Омарова Мадина –** КазУМОиМЯ имени Абылай хана, факультет востоковедения, кандидат исторических наук, Алматы, Казахстан
- Omarova Madina –** Candidate of Historical Sciences, Faculty of Oriental Studies, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages Almaty, Kazakhstan
9. **Табынбаева Зәуре –** Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, Алматы, Қазақстан
- Табынбаева Зауре –** Ведущий научный сотрудник Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, кандидат исторических наук, Алматы, Казахстан
- Tabynbayeva Zaure –** Leading Researcher of the R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Candidate of History Sciences, Almaty, Kazakhstan
10. **Сайкенева Динара –** Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ қауымдастырылған профессоры, қытай тарихының PhD, Алматы, Қазақстан
- Сайкенева Динара –** КазУМОиМЯ им. Абылай хана, ассоциированный профессор, PhD по Истории Китая, Алматы, Казахстан, Алматы, Қазақстан
- Saykeneva Dinara –** PhD in History of China, Associate Professor, Kazakh Ablai Khan University of International Relations & World Languages, Almaty, Kazakhstan
11. **Сабыров Аян –** Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері, халықаралық қатынастар магистрі,
- Сабыров Аян –** Научный сотрудник Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, магистр международных
- Sabyrov Ayan –** Master of International Relations, Scientific staff member, R.B.Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

- | | | | |
|-----|---|---|--|
| | Алматы, Қазақстан | отношений,
Казахстан | Алматы,
Казахстан |
| 12. | Хамарова Жанна – әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Шығыстану факультеті, Қытайтану кафедрасының 2 курс магистранты, Алматы, Қазақстан | Хамарова Жанна – КазНУ им. Аль-Фараби, факультет востоковедения, магистрант 2 курса, Алматы, Қазақстан | Khamarova Zhanna – 2 nd year master's degree student of oriental studies, Kazakh national university after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan |
| 13. | Чокатова Алия – Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының PhD докторанты, Алматы, Қазақстан | Чокатова Алия – PhD докторант Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Қазақстан | Chokatova Alia – PhD student, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan |
| 14. | Шамитдинова Динора – Магистрант, Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан | Шамитдинова Динора – Магистрант, Международный казахско-турецкий университет имени Ахмеда Ясави Туркестан, Қазақстан | Shamitdinova Dinora – Master student, Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan |

**Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінде 2021 жылдың 16 тамызында тіркелген, куәлік
№KZ54VPY00039118**

**Журнал зарегистрирован в Министерстве информации и общественного
развития Республики Казахстан от 16 августа 2021 года,
свидетельство №KZ54VPY00039118**

**The journal was registered with the Ministry of Information and Public
Development of the Republic of Kazakhstan on August 16, 2021, certificate
no. KZ54VPY00039118**